№ 22-23 (28-29) / қазан-қараша / 2019

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ – ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Абдрасилов

Кәсібің - нәсібің / Денсаулық / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Корректоры: Мөлдір ТӘУКЕБАЕВА

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Фотограф: Нақып ШЫНТЕМІРОВ

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Мұқабада:
академик Болатбек АБДРАСИЛОВ



ТҮРКІ ТОЛЫРАҒЫНЫҢ ТӘЛІМ ТӨРІ



«Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды...»

Ыбырай АЛТЫНСАРЫ

Республикалық «САРАСӨЗ» журналы редакторының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, академик Болатбек Серікбайұлы АБДРАСИЛОВпен сыр-сұқбаты

Болатбек Серікбайұлы, күллі адамзат бүгінгі таңда дамудың жаңа жол, тың сүрлеулерін ынтыға іздестіру үстінде. Небәрі ондаған жылдардың ішінде күн құрғатпай, біреулер қуана, біреулер жабырқай қабылдаған «жаһандану» үрдісі жайлы, бүгінгі күні, тіпті, ұмытқан сыңайдамыз. Өйткені, технологиялық жаңғыру қарышты қадамдап, ілесуге қауқарсыз халге жеттік. Бұл – ұлтымыз үшін қажетті ме, әлде, қауіпті ме?

Қандай құбылыстың да әралуан қыры болады, әдетте, «медальдың екі жағы бар» деп жатамыз. Сондықтан, сөз жоқ, тұтас адамзат дамуының еркі мен екпінінен кенжелеп қалуға болмайды және қалыс қалғанымыз жоқ. Екінші қырынан қарасақ, әрбір ұлттың қадірі мен қасиеті – өзіндік үні мен тілінде, тамыры мен тарихында, болмыс-бітімінде, білім-ғылымында, әдет-ғұрпында, әдебиеті мен мәдениетінде. Біреулер «батыстың қалыптарын сол қалтқысыз қалпында көшіріп алайық» десе, оңбай қателеседі. Бізге батыс та, шығыс та жат болмай, жыртығымызды жамауға жараса, өзіндік түр-тұлғамыз бен қажыр-киеміз бізді ешкімнің шаңында қалдырмайды. Нанотехнолгиялық

жаңғыру мен жаңарудың алдыңғы қатар, алғашқы сапында көріну үшін еліміздің білімі мен ғылымы бірінші міндет болуға тиіс. Қазақ тәлімі мен тәрбиесінің атасы Ыбырай АЛТЫНСАРЫ:

«Аты жоқ құр арбаны,
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты,
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар,
Бәрі-дағы анықтай,
Білмегенде танықтай,
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай...» – дейді.

Тізгіні қолыңызға тигеніне бір жарым жылға жақындаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің нақты қал-қауқарын білсек...

Күллі түркі ағайын тәу еткен Түркістан қаласында Халықаралық мәртебедегі іргелі білім ошағының от жағуы – мейлінше маңызды шешім, аса қажетті қадам болды. 1992 жылы Қазақ елінің басшысы Н.Назарбаевтың бастамасымен және сол кездегі Түркияның Премьер-министрі С.Демирелдің қолдауымен халықаралық келісім арқылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті құрылды. Екі бауырлас елдің басшыларының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемнің рухани астанасы Түркістанда құруы – тарихи оқиға, саяси кемеңгерлік, аталарға тағзым деп бағалауға болады. Менің ойымша, ордалы оқу ордамыз – қазақ және бауырлас түрік халқының шынайы достығының символы болып табылады.

Түркі әлемі бірлігінің келешек негізін салатын жастардың мерейі әрқашан биік. Түркі баласының бір жерде, бірге жүріп, қоян-қолтық аралас-құралас ынтымақта ортақ мақсат, маңызды мүддеге жұмылуы – туыс жұрттардың арасындағы аса қымбат алтын көпір.

Алтын көпірдегі бүгінгі аяқалыстың айқын адымы қалай?

Сылдыр сөз, құрғақ деректерді тізбектеп, мақтап-сақтану мақсат емес шығар, өте өзекті мәселе – мамандардың жетіспеушілігі мен біліктілік талаптың деңгейі туралы айтқым келеді. Ең алдымен, қазіргідей өркениет қарыштап дамыған қауырт күндері біздің түлектеріміздің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы үшін, біздер студенттерге тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар, кәсіби қарым-қатынас дағдысын, шығармашылық ойлау қабілетін, сыни ойлау дәрежесін арттырып, шешім қабылдауға және өзін-өзі дамытуға үйретуіміз керек.

Бұл мүддеге селбесіп шығатын міндет: біздің университеттерге жоғары білікті мамандарды тарту үшін жалақы деңгейін көтеру қажет. Бұл мәселені шешіміне білім беру гранттарының санын сұранысқа сай нақтылап, құнын арттыру арқылы қол жеткізуге болады.

Мұның өзі түйіні жоқ, тығырыққа тірелген тірлік емес. Мысалы, гранттарды бөлудің қазіргі үлгісі бойынша, абиту-

АНЫҚ АНЫҚТАМА

Болатбек Серікбайұлы АБДРАСИЛОВ

** Сырбаз Сыр елінің кіндік шаһары – Қызылорда қаласында 1958 жылдың 15 шілдесінде дүниеге келген.*

** Физика пәнінің оқытушысы, экономист.*

** Физико-математика ғылымдарының кандидаты.*

** Биология ғылымдарының докторы (1997 ж.).*

** Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі (1998 ж.).*

** Қазақстан Республикасының Жоғары мектебі академиясының академигі (2002 ж.).*

** Халықаралық Жоғары мектеп ғылыми академиясының академигі (2002 ж.).*

** Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Құрметті академигі (2005 ж.).*

** Ресей Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі (2005 ж.).*

** Қазақстан Білім беру ісінің үздігі.*

** Мемлекет қайраткері.*



риентке белгілі бір университетті таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Ал, грант иегерлерінің көпшілігі Нұр-Сұлтан және Алматыда орналасқан университеттерді таңдайды. Алайда, бұл университеттер барлық талапкердің оқуға қабылдануын қамтамасыз ете алмайды. ҚРБҒМ грант бөлу жүйесінде университет қабылдай алатын студенттердің санын ескере отырып, грант иегерлерін қабылдау жүйесін өзгертсе дейміз.

Тағы бір барлық университетте орын алатын жағдай – жаңа толқынның ескі буынды алмастыруы. Босаған жұмыс орындарын дер кезінде тәжірбиелі, ғылыми атағы және дәрежесі бар мамандармен толықтыра алмайды. Сонымен қатар, егер еліміздегі білім беру бағдарламалары мазмұнының заманауи талаптарға сай келуін жіті реттесек, біздің университетіміздегі кадр дайындаудың сапасын арттыруға да қол жеткізуге бір қадам жылжыған болар едік.

Шындықты жасырмай, өтірікті көпіртпей, тура сөз, тоғаулы ойыңызды ашық айтқаныңызға рахмет. Көкейдегі келесі көмбе сауалымыз: ұстаздық сапасы мен шәкірттің ынтасын үйлестіруге әріптес ел – Түркияның қолғабыс-көмегі қандай дәрежеде?

Түркияның қазақ еліне деген құрметі ерекше. Меніңше, түркі достарымыз ештеңеден аянып жатқан жоқ. Тіпті, былтыр Елбасымыз негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кКеңес басқармасы ұлы дала ұлағатын ұлықтаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты маңызды мақаланы талқылап, Анкарада тағылымды жиын ұйымдастырды. Бір жарым жыл бұрын жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама-мақаласының заңды жалғасы ретінде жарияланған мақала – тарихи сананы дүр сілкіндірді.

Анкара қаласындағы ілгері оқу орындарының профессорлары мен студент жастары жиналған алқалы жиында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің төрағасы, профессор Мұса Йылдыз: «Қазақ Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына қандай үлес қоса аламыз, қандай жобаларды жүзеге асыруға болатындығын кеңінен қарастырып, жоғарғы оқу орнымыз екі жылда бір рет Түркология конгресін тұрақты түрде ұйымдастырады. Елбасының бастамасына сәйкес, бұл шараны жетілдіріп, конгресті Астана қаласында ұйымдастыруды көздеп отырмыз және «Архив-2025» жобасы бойынша университет кадрлары айрықша еңбек жасайтын болады» – деді.

Расында, біздің докторанттарымыз ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптары мен мазмұндарын жұртымыздың жаңғырықты тарихына жақындатуға тиіс. Өйткені, Елбасымыз елеулі еңбегінде қазақ халқының өткен өскелең жолдарын жандандырып, терең тарихқа үңілген даңғылға батыл сілтеме жасайды. Мұндай бағдарламаны Түрік елі 1930 жылдары жүзеге асырған. Бұл – ұлтымыздың болашағы үшін аса маңызды. Дәргейлі дүниедегі түркологтардың әлемдік конгресін шақыру идеясы мен «Архив-2025» бағдарламасы – тұтас түркіні қамтитын ұсыныс-жобалар болғандықтан, көптің көкейіне қонған бастамалар болды.

«Тура биде – туған жоқ» демекші, турасын айтқанда, біздің білім ордамызды және еліміздегі жоғарғы оқу орындарын әлемдік деңгейге көтеруге мұрсат бермейтін кедергілер аз емес. Негізгі жүйелік себеп-салдарлардың бастысы – университеттерді қаржыландырудың төмен деңгейі. Бізде материалдық-техникалық базаны, оқу зертханаларын және инфрақұрылымды дамытуға мемлекет тарапынан бөлінетін мақсатты қаржы жоқ.

Әлбетте, ғимараттарды, құрылыстарды, жатақханаларды күтіп ұстау – толассыз қаржылық шығындарды талап етеді. Оның үстіне, оқу-зертханалық жабдықтар да үнемі жаңартылып тұруы ке-

рек.

Университеттердің бюджеті – студенттердің мемлекеттік грантынан және ақылы негіздегі оқудан түскен қаражат есебінен қалыптасады. Салыстырып көрсеңіз, біздің университеттердің жылдық бюджеті – шетелдік университеттерден әлдеқайда төмен, еселеп аз.

Университеттер бюджетінің шамамен басым бөлігі еңбекақы төлеуге жұмсалатынына қарамастан, оқытушылардың орташа жалақысы



басқа елдермен салыстырғанда жетімсіз. Нәтижесінде, жалақының төмендігі – отандық та, шетелдік те жоғары білікті оқытушыларды біздің университеттерде жұмыс жасауға ынталандырмайды.

Дүниежүзілік үрдіске оңтайландырып, біздің ЖОО-ында қайбір жылдары білім алумен қатар, ғылыммен айналысуды да жолға қоюға әрекет басталып еді...

Ниет бар, бастама бар, ұсыныс бар, бірақ, аяқтан тұрып, атайлап шабуға қауқар жоқ: ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру деңгейі болмашы. Университеттердің тек ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсайтын қаржылық ресурстарының үлесі: жалпы бюджеттің 1-5% шамасында ғана. Бұл – мейлінше төмен көрсеткіш, теңізге тамған тамшыдай...

Белгілі білім саласының сарапшысы Роналд Барнетт университеттерді келесі сипаттар бойынша топтастырады: университет 1.0 – білім беретін, университет 2.0 – білім беретін және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін, университет 3.0 – білім беру, ғылыми зерттеу және инновацияны өндіріске жеткізетін университет. Ал, жаңа буындағы 4.0 университетінің қызметі – білім беру, ғылыми-зерттеу, зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау және қоғам мәселелерінің шешімін табу. Дүниежүзіндегі жетекші университеттерді 4.0 класына жатқызуға болады.

Қазір Қазақстанда әртүрлі меншік нысанындағы 131 жоғары оқу орындарының басым көпшілігі, біздің ойымызша, 2.0 класына тиесілі, ал, 3.0 класына жататындары – санаулы ғана.

QS рейтингі тізіміне енетін біздің 10 университетіміздің көбі, өкінішке қарай, соңғы үш жылда өз бағыт-бағдарлары мен күш-қуаттарын әлсіретіп алды. Сондықтан, халықаралық рейтингтердегі отандық университеттердің алатын орны да көңіл толарлық емес.

Мемлекеттің дамуы мен ұлттың әлемдік бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі ұстанымның бірі – білім беру сапасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі...

Әрине, ауызды құр шөппен сүртіп, «елдің етегінде келе жатырмыз» деп еңсе түсіруге болмайды. Қазіргі таңда әлемнің барлық елдері университеттерінде дамыту мен кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелерін мықтап қолға алып, белсене айналысуда.

Шекараның арғы жағынан алатын жаңалықтар мен жетістіктер аз емес. 2017 жылы туысқан Түркия үкіметі университеттердегі инновациялық ғылымды дамыту мақсатында 11 жетекші университетті қолдау жобасын бастады. Санаулы жылдар ішінде Түркия университеттері айтарлықтай жетістіктерге жеткенін байқауға болады.

2013 жылдан бері Ресейде әлемдік деңгейдегі университеттерді құру бойынша жоба сәтті жүзеге асырылып, олардың университеттері әлемдік рейтингтерде

ӨРІСТІ ӨМІРБАЯН

1979 жылы – Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтын (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) үздік тәмамдаған.

1980 жылы – Мәскеу Экономика және статистика университетінің Қашықтықтан білім беру институтында (МЭСИ) оқып, зерттеуші-тәжірибеші болды.

1980-1982 жж. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогика институтынан КСРО Ғылым академиясы Биофизика институтына зерттеуші-тағлымдамашы ретінде жолданған (Ресей, Мәскеу облысы, Пущино қаласы).

1982-1986 жж. – КСРО Ғылым академиясының Биофизика институтының аспиранты (Ресей, Мәскеу облысы, Пущино қаласы).

1986-1991 жж. – Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтының оқытушысы, аға оқутышысы, доцент.

1991-1994 жж. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогика институтының кафедра меңгерушісі, факультет деканы, институт проректоры.

1994-1996 жж. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогика институтынан Ресей Ғылым академиясының Биофизика институтына аға ғылыми қызметкер ретінде жолданған (Ресей, Мәскеу облысы, Пущино қаласы).

1996-1998 жж. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің ректоры.

1998-2000 жж. – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, профессор.

2000-2001 жж. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Ақпарат және тестілеу орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры.

2001 жылы – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Мониторинг пен бақылау департаменті директорының орынбасары.

2001-2004 жж. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры.

2004-2007 жж. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің төрағасы.

2007-2010 жж. – Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы.

2010-2012 жж. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Жауапты хатшысы.

2012-2016 жж. – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры.

2016-2017 жж. – Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадрлық саясат бөлімінің сектор меңгерушісі.

2017-2018 жж. – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы.

2018 жылдың 12 маусымынан бастап Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры.

тұрақты өсім көрсетіп отыр.

Қытайда 1995 жылдан бастап университеттерді дамыту бойынша бірқатар жоба іске асырылып, соңғы 10 жыл ішінде университеттері әлемдегі ең үздік рейтингтерде алғашқы орындарға сырылып шықты. Мысалы, QS рейтингі бойынша 10 жыл бұрын 100 үздік қатарында 2 университет болса, биылғы жылы 6 оқу орнына жетті.

Еркін еліміздің екінші басшысы өзінің халыққа тұңғыш Жолдауында «Қуатты өңір – қуатты ел» ұранын көтеріп, өңірлерді дамытуға айрықша көңіл бөлу қажеттігін меңзеді.

Иә, мемлекет басшысы осы жылдың шілде айында 20 озық жоғары оқу орны құрылатындығы туралы жариялады. Осы орайда, біздің жоғары оқу орындарымыз аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаруы керек. Алдымен, университеттеріміз – экономика мен әлеуметтік салалардың барлығы үшін кадр даярлайтын негізгі орта. Сосын, университетте жасалған ғылым мен инновация аймақтың инновациялық әлеуетін арттырады.

Менің ойымша, университеттер ғылым мен білімді дамыту орталықтары ғана емес, сонымен қатар, жаңа идеялар пайда болатын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін интеллектуалды орталықтарға айналуы керек. Ендеше, күшті аймақтарды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі – өңірлерде мықты университеттер құру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығы тарапынан өңірдегі ғылыми әлеуетті дамыту бағытында бірқатар іс-шаралар атқарылды. 2018 оқу жылында магистратура, докторантура, резидентура контингенті 30 пайызға арттырылды. Докторантураға қабылдау екі есеге, магистратураға 1,5 есе артты.

Отандық озық ғылыми зерттеу орталықтары мен институтарымен меморандумдар және келісімдер түзілді.

Кентау Трансформатор заводымен энергетика, ақпараттық технология және киберқауіпсіздік салалары бойынша ортақ технопарк құру мәселесінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл бағытта

қазіргі уақытта орналасу жері белгіленіп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Университеттің 2 жас ғалымы Халықаралық ірі компания болып табылатын Scopus (ELSEVIER) тарапынан ұйымдастырылған Орталық Азия үшін «Scopus Award-2018» байқауында «Best Researcher in Humanities» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Бұған қоса, «Bilig» ғылыми журналының Clarivate Analytics және Scopus секілді алдынғы қатарлы әлемдік ғылыми мәліметтер қорында индекстелуі, «ХҚТУ хабаршысы» журналының ҚР БҒМ тарапынан ұсынылған журналдар тізіміне енгізілуі – айтарлықтай жетістік болып табылады.

Университет ғалымдарының ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесін коммерцияландыру бойынша Ғылым қорының 3 жылдық мерзімге арналған жалпы құны 745 млн. теңгені құрайтын 4 грантын жеңіп алуы – өңір үшін маңызды құбылыс.

Бұл бағытта биылдың өзінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тікелей түрткі, баянды бастамаларымен бірнеше халықаралық басқосулар болды...

Расында, белсенді бастамаларымыздың шоғын үрлеп жатқанымыз жасырын емес. Бүгінде аймақ орталығына айналған Түркістан – түркі жұртының рухани астанасы ғана емес, түркі топырағының тәлім төрі болса дейміз.

Алтын күздің өзіндегі мәселелерге тоқталсақ: Түркістанның кәсіпкерлік саласы мен туризмін дамыту бағытын талқылаған «Қазақстан мен Орталық Азиядағы мәдени және рухани туризмді дамыту мәселелері» тақырыбында форум ұйымдастырдық. Түркістан туризмін түлетуге өз деңгейінде өлшеусіз үлес қосқан жоғарғы оқу ордасында 156 студент «туризм» мамандығында білім алуда. Студенттер өндірістік тәжірибе аясында Түркия мемлекетінің 5 жұлдызды «RIXOS» қонақ үйлерінде тәжірибеден өтуде.

Басқосуға Джордж Вашингтон университеті «Халықаралық туризмді зерттеу» институтының директоры Селени Матуз арнайы келіп, қос университет арасында тығыз байланыс орнатуда меморандум түзу туралы ойды құптады. Екі тарап ортақ келісімге келсе, болашақта білімгерлерге тәжірибе алмастыру арқылы шетел мәдениетімен танысуға жол ашылады. Сонымен бірге келер жылдың сәуір айында өтетін «Қазақстан және Орталық Азияда туризмді дамытудың тенденциялары мен келешегі» атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу жұмыстары талқыланды.

Түнеукүні Түркістанның төріндегі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабырғасында әлемнің 15 мемлекетінен 200-ге жуық делегат қатысқан «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің» ұйымдастыруымен «Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша III Орта Азиялық халықаралық форум» өз есігін ашты. Бұл басқосудың көкейтесті мақсаты – білім сапасын қамтамасыз ету мен білім сапасын бағалауда халықаралық аккредиттеудің рөлін арттыру және университеттердің академиялық еркіндігі мен басқарушылық дербестігін кеңейту, әрі сапа мәдениетін қалыптастыру.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан,

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК

Академик Болатбек АБДРАСИЛОВ – Оңтүстік Корея, АҚШ, Австралия, Голландия, Австралия, Голландия, Ресей елдерінің танымал ғылыми-зерттеу журналдарында 60-тан астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын жариялады. 1 ірі монографияның төл иесі.

«Биофизические основы действия тритерпеновых гликозидов дам-маранового ряда на биомембраны и клетки» кітабының авторы (1996 ж.)

– Жанды жүйелердегі ақпараттар беру үрдісінің молекулярлық әрекеттерін зерттеу саласындағы белгілі ғалым.

– Әртүрлі жасушылардың биологиялық мембраналарының жұмыс істеу үрдістерін зерттеудегі молекулярлық аспаптар ретінде антибиотиктерді қолданудың негізін салушылардың бірі.

– Женьшень өсімдігінен алынатын дам-маран қатарындағы глюкозиттердің биофизикалық және биохимиялық, антигемолиттік белсенділігінің молекулярлық ерекшеліктерін зерттеуші.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытуға ауқымды үлесін қосты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын негізгі әзірлеушілердің бірі.

Өзбекстан, Ресей Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық және еуропалық желілерінің, шетелдік аккредиттеу органдарының, шетелдік білім беру ұйымдарының (Бельгия, Венгрия, Германия, Нидерланды, Түркия, Ресей т.б.), қазақстандағы ұлттық және басқа оқу орындарының ректорлары қатысып, екі күнге жалғасқан жиын барысында оқу бағдарламалары мен білім алушыларды халықаралық стандарттар бойынша даярлау мәселесі қозғалып, жоғары білім саласын дамытуға оң үлесін қосатын маңызды

ЫЛАЙЫҚ МАРАПАТ

Ілкімді ізденістері мен ерен еңбегі еленіп, еліміздегі еңселі «Құрмет» орденімен (2005 ж.) және Биофизика саласындағы үлкен ғылыми жетістіктері үшін Нобель сыйлығының лауреаты П.Л.Капица атындағы Ресей Жаратылыстану ғылымдары Академиясының естелік медалімен марапатталған.

ұсыныстар талқыға салынды.

Үздік тәжірибелер алмасу мен халықаралық диалог алаңына айналуды көздеген әрі еліміздегі жоғары оқу орындарына зор серпін беретін басқосуда білім беру сапасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі мемлекеттің дамуына және ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі айтылып, университеттердегі білім жүйесін жетілдіруге бағытталған аккредитацияның маңызы, білім саласындағы халықаралық мәселелер ауқымды тұрғыда талқыға түсті.

Сіздің «зор серпін беретін» деген сөзіңіз – құлақтан кіріп, бойды алып тұр, қуатты серпілістің өзі – сергек серпіннен бастау алмай ма?

Негізі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі бұл өзгерістер алдыңғы қатардағы университет болуға бағытталған іс-шаралар. Менің ойымша, ХҚТУ-дың қарқынмен жүргізіп жатқан күрделі трансформация тәжірибесін – еліміздің барлық университетін дамытуға қолдануға болады.

Университетті әлемдік деңгейге жеткізудің негізгі бағыттарының бірі ғылым мен инновацияны дамыту болуы керек. Жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық инфрақұрылымның толық циклын құру қазіргі ғылым мен инновацияның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Бұл – 3.0 университетін құрудың басты көрсеткіші. Осыған орай 2018 жылдың маусымында технологияларды коммерцияландыру (трансферті) офисін аштық. Нәтижесінде, оқытушылар мен студенттердің ғылыми белсенділігі артты. Университетіміз ғылыми жұмыстардың нәтижелерін коммерцияландыру бойынша төрт грант және Дүниежүзілік банктің 130 оқытушыны ағылшын тіліне оқыту грантын иеленді. Сондай-ақ биыл 30-ға жуық ғылыми жоба Түркияның қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі едәуір артып, халықаралық Scopus базасындағы мақалалар саны 30%-ға артып, 600 мақалаға жетті. Scopus базасына тіркелген Bilig ғылыми журналы жарық көреді. Жалпы, бір жыл ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың университет бюджетіндегі үлесі 2%-дан 8%-ға дейін артты.

Ғылымның және инновациялық инфрақұрылымның толық циклі дамуының келесі кезеңі – ғылыми технопарк құру. Бұл тұрғыда, Түркияның жетекші университеттеріне қарасты техно-парктердің сәтті тәжірибесін атап өту қажет. Университетте түркиялық тәжірибеге негізделе отырып технопарк құру жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің төл бастамасымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде маңызды жиындардың ұйымдастырылып тұратындығынан хабардармыз...

Еліміздің білім мен ғылым саласындағы жаңа басшысының біздің университетіміздің елеулі жетістіктерін ескеріп, іргелі халықаралық деңгейдегі оқу ордасына айналдыру мақсатында жаңа бағыттарды айқындап, нақты қолғабыс жасағанына алғысымыз мол. Оқу ордамыздың тыныс-тіршілігі мен жоба-

жоспарлары хақында университетіміздің Өкілетті Кеңесінің төрағасы М.Йылдыз мырзамен тығыз байланыс орнатуын – шынайы жанашырлық, ілкімді іскерлік, зор құрмет деп білеміз.

Университеттің даму Стратегиясын жаңа бағыттармен толықтыру үшін министрлік қызметкерлері мен оқу ордамыздың басшыларынан ортақ жұмыс тобын құру туралы келісімге келдік.

Білім және ғылым министрі университеттің қаржыландыру көлемін екі ел тарапынан арттыру, білім беру бағдарламаларын Назарбаев университетінің және әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің тәжирибесіне сүйене отырып жаңарту, халықаралық және ұлттық рейтингтерде ілгерілеу, жатақхана құрылысы, грант көлемін арттыру, инфрақұрылымды дамытуға айрықша екпін түсіріп, қамқорлық көрсетуде.

Болатбек Серікбайұлы, сіз соңғы жиырма жылдан астам уақыт бойы еліміздің ең жоғарғы билік құрылымдарында, Білім және ғылым министрлігінде, мемлекеттік басқару салаларында жауапты лауазымды қызметтер атқарғандықтан, біз ырымшыл халықпыз ғой: түркі жұртының жауқазындай желкілдеген жастары жайқалған еларалық еңселі білім ордасына басшы болуыңызға «Жастар жылының» сәйкес келуін – жақсы ырым, жарқын жолға жорамалдадық...

«Елбасымыздың «Жастар жылын» жариялауы – жастардың әлеуметтік мәселелерінің шешімін табуына оңтайлы ықпал ететін ел тарихындағыы ерекше оқиға. Жастар жылында мемлекет тарапынан жастарға қолдау ретінде көптеген іс-шаралар жүргізіле бастады. Біздің жастарымыз өте дарынды ғой, мәселен, біздің Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетімізде биыл басқа жылдарға қарағанда студенттер белсенділігі өте жоғары. Біз 30-дан астам студенттер клубын құрдық. Солардың аясында жас ғалымдар, жас кәсіпкерлер стартап-жобаларды қолдайтын біраз бағдарламалар жасап, 10-ға жуық стартап-жобалар жұмысқа кірісіп жатыр.

Тізгіндеген бір жыл ішінде университет барлық бағыт бойынша іс-шараларды толық көлемде модернизациялауды бастады. Университетті 2023 жылға дейін дамытудың жаңа Стратегиясы жасалып, ХҚТУ-дың Үкіметаралық өкілетті кеңесі



тарапынан қабылданды. Соның аясында 2018-2019 оқу жылында барлық процесті жан-жақты қайта құру жүзеге асырылды. Университет те төрт тілде (қазақ, түрік, ағылшын және орыс) білім беруді дамыту мақсатында «Тіл үйрету орталығы» құрылды.

Білім беру бағдарламаларына Fintech, Big Data, Artificial Intelligence (жасанды интеллект), Blockchain, Cybersecurity (киберқауіпсіздік), Data mining (деректерді терең талдау) секілді жаңа элементтер енгізіле отырып, IT және экономикалық мамандықтар бойынша толық, ал басқа мамандықтар шамамен 30%-ға жаңартылады. Назарбаев университетінің тәжірибесі негізінде Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі құрылды.

Алдыңғы қатарлы университет құру міндеті – түркі әлемінің барлық елінің күн тәртібінде. Бұл тақырып жақында университетімізде өткен Түркі университеттері одағының кезекті жиынында талқыланды. Форумға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, сонымен қатар Венгрия мен Өзбекстанның 23 жоғары оқу орындарының басшылары қатысты. Талқылау нәтижесінде түркі әлемі

университеттерін халықаралық рейтингте бірлесіп алға жылжыту үшін ортақ ғылыми және білім беру кеңістігін құруды қолдады.

Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасты нығайтудың арқасында түлектерді жұмысқа орналастырудағы жағдай айтарлықтай жетілдіріліп, жұмысқа орналасу деңгейі 76% жеткізілді. Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің саны екі есеге қысқарып, коммуналдық шығындар 40%-ға төмендеді. Үнемделген қаражат материалдық-техникалық базаны дамытуға және оқу-зертханалық жабдықтарды 30%-ға жаңартуға мүмкіндік берді, 5 студенттік жатақхана жөндеуден өткізілді. Университет стратегиясында кадрлардың біліктілігін жетілдіру мәселелеріне көп көңіл бөлінген. Қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін үздіксіз дамыту мақсатында халықаралық және отандық тәжірибе негізіндегі фасилитация, модерация, коучинг, тренинг, кейс-стади, brainstorming және т.б. әдістерін қолданатын арнайы бағдарламасы іске қосылды.

Университетімізде заманауи кампус қалыптасып, инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Университеттің дамуы әрдайым екі елдің басшыларының назарында. Қазіргі кезде оқу ордамызда 10 мыңнан астам білім алушы бар. Атап айтқанда, 19 елдің 40 ұлтының өкілдері бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 11 факультетте білім алуда. Университетте бір мыңнан астам оқытушы-профессор құрамы жұмыс істесе, олардың 5% – Түркиядан келген оқытушылар. Жалпы, ғылыми дәрежелілік 45% құрайды. 6 ғылыми-зерттеу институты, 4 ғылыми журнал жарық көреді. Ыбырай АЛТЫНСАРЫ атамыз атақты өлеңінде:

«...Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай,
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай!..» – дейді ғой...

Оңтүстік ордамыздың орталығы – киелі Түркістанда бүгінгі таңда, күрделі құрылыстар жүріп, заманауи ғимараттардың бой түзеуімен қатар, білімі мен ғылымының көкжиегі де жарқырай түсті. Жаңарып-гүлденген қасиетті Түркістанның баянды болашағы әлі алда.

Сұхбаттасқан
Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
Түркістан шаһары



АЙДАН СҰРАП АЛҒАН ҚЫЗЫМ...



Жанымызға ең керек деген дүниелерді әсілінде біз, Жаратушы иемнен қос алақанымызды жайып тұрып сұрап алады екенбіз. Бұл-рухани кеңістіктің қалауы. Әлдебір биік немесе сіз бағындырар белеске қамданған уақытта ішкі түйсіктің дегеніне еріп,қалың қиялға аяқ басамыз. Бәлкім бұл сіз үшін жәй ғана бос қиял шығар. Алайда ол өзгелер үшін бүкіл әлем! Егер бұны да жоққа шығарғыңыз келсе онда сізге көбірек жоқ «көбірек»емес «көбірееек» ойлану қажет. Мен де қалың ойдың жетегінде кеткенде,өздігімен қарапайым өмір сүріп келген «Алтын әкемнің»әңгімелерін саралай бастаймын. Дізесіне отырғызып,өзі бұйра,келте шаштарымды адал еңбектің бейнетін көп көріп,күс болған тарам қолдарымен шашымнан сипап,мейірлене иіскеп,әкемнің айтатұғын әңгімелерінің ешқайсысын ұмытқан емеспін. Олар менің жадымда өшпестей болып сақталыпты.

— Енді мектепке бармаймын,жек көремін бәрін!

Үйге ентелей кіріп, арқамдағы сөмкемді төр жақа лақтырып жіберіп,ағыл-тегіл жылай бастадым. Төр жақта теледидар қарап отырған әкем,сабырлы жүзбен маған бір шолып өтті де:

— Не болды қызым?-деді.

Әкемнің маған селсоқ қараған жүзін көріп,одан сайын дауысымды қаттырақ шығарып жылай бастадым.

— Айта ғой, кәне не болды?Тағы кіммен ұрыстың?-деді,жаныма жақындай түсіп.

Әкемнің не себепті маған немқұрайлы қарағанын енді ұққандаймын. Ия, бала кезімде өзіммен қатарлармен көп шегісіп



қалушы едім. (Ұрысқақ болғаным үшін кешірім өтінем.)

— Олар мені «айдаһар»деді.

— Е,несі бар,айдаһар жақсы емес пе,тышқан десе не істер едің?

— Жооқ,Әке!

Дауысым қаттырақ шығып кеткен болуы керек,әкем ақырын көзімнен аққан жасты сүрте бастады.

— Жоқ Әке,олар мына желкемдегі қаз-қатар болып тізіліп шыққан қара меңді меңзеп айтты. Сен-айдаһарсың деді. Бұл ертең өсіп кетсе айдаһардан аумай қалады екенмін.

Шынында да менің желкемде айдаһардың жалындай түйіршіктеніп шыққан жеті көзді меңім болатын. Үйдегі үлкендердің айтуы бойынша ол мен туылғаннан бар екен. Жасыма жас қосқан сайын олда менімен бірге ілесіп өсе беретін көрінеді. Ол ауырғанда жаным көзіме көріне жаздайтын. Желкемдегі шаштарым оған кедергі келтірмес үшін үнемі шашымды қысқартып тастаушы еді. Содан болар,желкеме жабысқан осы бір меңді өлердей жау көретінмін. Міне бүгін тағы да осы. Сыныпта әлдебіреумен ұрысып қалып,»сен айдаһарсың»деп бойымдағы үлкен кемшілікті бетіме басқан соң жеңілгенімді растағандай жылап жіберген түрім.

— Жарығым-ау, олар әлі бала ғой.

Әкем оларды бала ғой деу арқылы ересектерше ойлануды үйретті.

— Олар сенің айдан түскен қыз екеніңді білмейді ғой. Білсе олай демес еді.

Тосыннан айтылған әңгімеге елең ете қалып,көз жасымды тыйып,әкеме қарадым:

— Айдан түскен қыз?

Сәл езу тартып,сұраулы бейнемен әкеме қарадым.

— Ия,сенбеймісің қызым?

— Сенемін Әке! Бірақ айда адам болады ма?

— Әрине,болады! Есіңдеме «Күнсұлу мен Айсұлу» жайлы ертегі. Сонда Айсұлу айда өмір сүрмеді ме?

— Ия,ия...-дедім,шешімі жоқ сұрақтың жауабын тапқандай қуана түсіп.

— Мен сені айдан сұрап алғанмын,жарығым.

Ол маған ұзақ әңгімені түсіндіргісі келгендей,қасыма жайғасып сөзін жалғай жөнелді.

— Сен дүниеге келмей тұрғанда,күнде кешқұрым жатып алып айдан өзің секілді ақылды «ақымақтау»қыз беруін сұрайтынмын. Міне былай...

Әкем қолдарын алға қарай созып,қос алақанын кезек-кезек ашып жұмды.

Оның манағы істеген ишаратын көріп,езуімді ыстық қуаныштың күлкі серпіп өтті.

— Жарық ай сені көп адамның ішінен оңай ажыратып алу үшін желкеңе таңба салып берген,алтыным!

— Шын айтасың ба, Әке?

— Мен сені қашан алдадым,күнім? Шын әрине!

Әкем менің шаштарымнан сипап,маңдайымнан сүйді де,ыстық құшағына алды. Мен де мәз болған күйі оны кішкентай қолдарыммен қатты құшақтай түстім.

Сосын ұзақтағы айға қарап жымидым.

Ғалия БИСЕЙІТ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
журналистика бөлімінің
3-курс студенті

ӘҢГІМЕ

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

«КЕРТОЛҒАУ»

(Күйші Генерал Асқаров айтқан аңыздың ізімен)



Қоңыр домбыраның одан да қоңыр үні киіз үйдің керегесін көбелеп сыртқа қашып жатыр. Күйшінің дәл қазіргі көңіл күйіне қосыла билеген саусақтар алғашқы серпінді үш қағыстан соң үстіңгі ішектерді қуалап, төменгі сағаға қарай сырғығанда кез келген кеудеге сыя бермес сыр арқалаған күй сазы көңіл шіркінді көк дөненге мінгізеді. Жаз жайлауға жаңа шыққанда балаша қуанатын қозы-лақ, бота-тайлақтар да құйрығын көкке шанша шапқылауын тоқтатып, тың тыңдауға кіріскен. Үй айнала қазылған індерге қос аяғын кезек тығып, көртышқан аулаудан шаршаған тарғыл төбет те тілі салақтаған күйі табалдырыққа түмсығын сүйей кеп құлапты. Кәріліктің көшпес таңбасындай көзінен аққан сорасына сан шыбын таласа қонып, той жасап жатқанында шаруасы жоқтай, мынау сылқым үнге елтіген күйі демін де енжар алады.

Туу сонау жер түбінен асығып жеткен даланың тентек желі де киіз үйдің туырлығын тартқылап, ішке кіре алмаған соң, айнала орай соғып, «тырнақтарына» ілінген тамаша сазды үнді таласа-тармаса алып қашып жатыр.

...Оттығына отынның төресі — төрт тал сексеуіл тастаған бетте-ақ екі иығынан дем алып, аһілеп-үһілей жөнелген месқарын сары жез самаурынды жерден енді көтере берген Сұлушаш тартылған сайын өзегіне от салатын күйді естіген кезде, етегін басып, самаурынның түбіне жалп етіп отыра кетті. «Тағы да сол күй!». Ұзын кірпіктері сұлу көлдің жиегіндегі сүмбіле қамыстардай теңселіп-теңселіп кетті. Сол-ақ екен, бұл оқыс қимылдан көл шайқалғандай, ірі-ірі тамшылар бірін-бірі қуалап, төмен сорғалады. Сүрткен жоқ. Сүртуге мұршасы да болған жоқ. Бар жан-тәнімен күйшіге жалбарынып, аһ ұра жалынды: «Қойшы енді, құдай үшін, тоқтатшы мына күйіңді!.. Құлың, күнің болайын, қойшы деймін! Неге мені азап отына қақтай бересің?! Қой, қойшы, тоқтат, тоқтатшы... Құдай үшін.. аһа, аһа!».

Мұнан ары өзін-өзі ұстай алмай өксіп-өксіп жылады. Отырған орнына жер бауырлап жата кетті. Бар мұңын жер ананың құлағына сыбырлағысы келгендей, әлгі сөздерді қайталай береді. Шын толқыса шым түгілі тас пен темірден де берік бола алатын адамның кеудесін паршалап кететін мұң-шер мына күй құдіретімен тіптен асқақтап, тағдыр көтерген қамшы Сұлушашқа аянбай сілтеніп жатыр...

Қалай тез құласа орнынан солай тез

тұрды. Дереу жасын тыйып алды. Жібек орамалдай желпіп соққан жел айғызданған жүзін ілезде құрғатты. Жаулығын түзеп, жамбасын қаққан соң ашуы сәл басылынқыраған самаурынды сүйрегендей қып үйге беттеді. Мандайшадан жерге дейін салбыраған жаппаны сәл көтергені сол еді, уықтарды шірене керіп тұрған күй үні мұның етегіне соқтыға сыртқа қашты. Бұл жердегі тұп-тұнық тыныштықты қанжармен тілгілегендей боп шоршып шығатын тұма дауыс домбыра шанағына құйылады да ілкі сәттен соң сол түймедей ғана тесіктен тұла бойыңды тітіркентетін саз төгеді. Табалдырықтан аттай берген Сұлушаш бұл үн құлағына емес жүрегіне тигендей, тізесі бүгіліп, тағы да отыра кетті. Самаурыны да, есіктен аттауға ғана батылы жеткен жетім баладай, босағада қалды.

...Кірпіктерінің тағы да жасқа шыланып келе жатқанын сезген Сұлушаш айналасын айқара бір шолып өтті. Екі қызы екі бұрышта бүрсиіп отыр. Дәл осы күй әкелер дауылды сезгендей, үлкенінің көзі боталап барады. Кішкене қызының қызығуы басым: басы бір жағына қисайып, аузы аңқайып, танауы таңқиып қалған.

Күйші төр алдына шалқасынан құлапты. Қолдан шапқан қалақтай ғана домбырасы кеудесінде көлденең жатыр. Көздері жұмулы, тек саусақтары ғана сезім атты құдіреттің арбасына құр аттай жегіліп, бұйрық алған бағытқа қарай тынымсыз сабап бара жатыр. Бір қарағанда, күйші ұйықтап жатқандай. Тек тынымсыз көтеріліп-басылып жатқан кеудесі ғана ұстаның жел көрігіндей желпілдеп, оның тірі екенінен ғана емес, жүз толғаулы жан екенінен де хабар бергендей.

— Сүгір! Саған не болды, тоқтатшы енді?!

Сұлушаш орнынан атып тұрып, күйшінің кеудесіне барып құлады.

— Құдай үшін, тоқтатшы енді! Не жазығым бар еді осынша азаптайтын?! Тоқтатшы, сұлтаным! Құлың, күнің болайын, тоқтатшы, тұлпарым! Құдай үшін!..

Көкірегін қарс айырған қайғы мұнан ары Сұлушаштың сөзіне ерік бермей, тамағына тас боп тығылды. Өксіп жылап, домбыраның мойнына жабысты. Күй осы жерден шорт үзілді.

Күйші орнынан жайлап тұрды. Жолай жүзін жас жуған әйелінің шашынан бір сипады да сыртқа беттеді. Туырлықты көтере бергенде Сұлушаш оның соңынан жан даусы шыға сұңқылдады:

— Сүгір! Жазығым не?! Менде не кінә бар?! Бара ғой, бар, бара бер! Ақ тілегім бұл, сұлтаным! Бара ғой, бар, бар... Алла маңдайға жазған соң менде не шара бар. Менен рұхсат, бара бер, бар! Аман оралсаң болғаны...

Жаңа ғана күйші шынтақтай жатқан жастықты құшақтай құлады. Сонау төбе шашынан табанына дейін өксік жайлап алғаны сонша, сұлу дене төр алдында балықша шоршып жатыр...

Үлкен қызы қосыла жылады...

Кіші қызы бұл жылау-сықтауға таң қалғандай, көздері шарасынан шығып, шешесіне қарайды.

Күйші белдеуге байлаулы тұрған сүліктей сұлу көкқасқа атқа әкесінен қалған ерін салды. Бұл оқиғаның хабарын тентек жел Арқаға қарай ала қашты.

* * *

— Әй, содыр Әлінің солақай ұлы, үйдемісің, шық далаға!

Бір құлашқа таяу қарағайдан ойып, қынамен бояп қойған қалақтай домбырасын бастан сипағандай жай ғана шертіп жатқан Сүгір сырттан естілген дауыстың осы ауылдағы жалғыз атқамінер Дәркенбайдікі екенін таныды. Жалғыз дейтіні, Дәркенбай жүрген жерде дау да көп, талас-тартыс та табылып жатады, ең аяғы, ол мінген атқа ма, ат үстіндегі өзіне ме, ауыл иті де өш, өлердей үріп, жүрген жолында бір-біріне табыстап әрең тынады.

Сәл кешіксе әкеден сыбайтынын білетін Сүгір домбырасын керегеге сүйей салып, далаға жүгірді. Дәркенбай ат үстінде бір түп томардай боп сіресіп отыр.

— Немене, әкең үйде жоқ па?

— Әкемнің үйде жоқ екенін біліп, мені шақырдыңыз емес пе?

— Ә, жарайды, ділмарсыма... Ауылға губернатор келіп жатыр. Оның тек құлынның етін жейтінін естуің бар шығар?!

— Бұзаудың еті ішіне жақпай ма екен?

— Өй, әкеңнің!.. Жарайды, ауыл маңында өзге жылқы көрінбейді. Мына екі құлынның бірін ұста да, сой!

Дәркенбай қамшысын үйге таяу жайылып жүрген құланды бие жаққа сілтеді. Қимылында өз қорасындағы малына қожалық еткендей еркіндік бар. Кенет мұның нұсқаған қамшысы тигендей, шұбар бие құлынын ертіп, үйден жырақтай бастады.

— Жоқ, аға, әкем ұрсады. Құлын сойғаны несі, обал ғой...

— Сүгір, сен өзің қандай жігітсің? Мен ойланбай бір сөз айтамын ба. Қазір ғой сенің жасың жиырма бестен асты. Қалыңдығың болса жоқ. Қалыңдық болуы үшін әуелі астыңа бір тәуір ат керек. Көркем ат мініп, көрші ауылға барсаң ғой, ә, шіркін... Өзің домбырашысың. Қыз атаулының сұлуы сенікі емес пе?! Олай болса, сен ана шұбар құлынды соясың, мен саған оның орнына бір жүйрік ат беремін. Әкеңе де дәл осылай деп

айтқам...

Аяқ астынан тақымына тәуір ат тиетінін ойлағанда толқып қалды. «Әрі әкесіне айттым деп тұр емес пе?..».

— Өзіңіз ұстап соя беріңіз. Құлынға менің қолым көтерілмейді...

Үйге қайта кірді. Шешесі де жоқ. Әкесімен бірге көрші ауылдағы ағайындарға кеткен. Домбырасын қолына қайта алды. Екі шегін де босатып, мұңлы әуенге лайықтады. Көңіл күйі соны тілегендей. Баяу шертіп, шерлі сазға жол берді. Қарап отырып қайғырған қамкөңіліне таң қалды.

Сырттан дүбірлеген дыбыс шықты. Дәркенбай құлындарды қуып жүр ме, шаңшұң дыбыстар естілді.

— Ұста-Ұста! Шұбар құлынды ұста, сол тәуірлеу екен. Қоңыр құлынға тиіспе! Шұбарды, шұбарды... Осы жерге жығып, бауыздап алайық, әйтпесе әуре қылады...

Ащы кісінеген дауыс естілді. Тіршілік атаулыдан көмек сұраған әрі жалынышты, әрі наразы үн. Шұбар биенің дауысы. Анасының мұнша шошығанына мұңарлап қана дауыс қосқан шұбар құлынның бейкүнә балалығы Сүгірдің көзіне жас әкелді. Шұбар бие жаңағыдан да ащы кісінеді. Жанұшыра шыңғырғаны естілді. Адам шыдамастай ащы айқай. Сүгір екі қолымен құлағын баса қойды. Домбырасы жерге құлады. Шұбар бие тағы шыңғырды. Ащы үн үйдің қабырғасын ғана емес, Сүгірдің бас сүйегін паршалап кеткендей. Санасында сан ой ойқастады. Өзінің қате жасағанын, тезірек барьш шұбар құлынға ара түсуғс тиіс екенін ойлады. Буын-буынынан айрылып, орнынан тұра алсашы...

Шұбар құлынның ащы кісінегені естілді. «Әлгіден бергінің бәрі күндегідей ойын емес екенін төрт аяғын тас қып байлап, жерге алып ұрғанда бір-ақ білген-ау, жануар. Тез бару, тез құтқару керек құлынды...»

— Мә, Дәркенбай, өзің бауызда, жәутеңдеген көзін қия алар емеспін, — деді бір жастау дауыс тұншыға шығып.

— Әкел! Өй, жасық!.. Піссімілла...

Сүгір орнынан атып тұрып, есікке беттегенде Шұбар бие тағы шыңғырды. Өмірі естімеген мынадай зарлы дауыс тура маңдайынан соғып, Сүгірді орнына қайта жалп еткізді. Жас құлын тәніне пышақ тигенде ғана баланың жылағанындай жалынышты бір үн қатты да қорқырап жүре берді.

— Ұста! Ұста деймін, ана шұбар биені ұстаңдар! Қаданы жұлып әкеткен бе, ей, ұста деймін ана биені!

Сүгір орнынан атып тұрды. Осы кез айнала дүбірге толып барады екен; бұл үн — биенің құлынына қарай қаданы сүйрей шапқан үні ме, құлын сойып жатқан Дәркенбай бастаған бес жігіттің биенің қимылынан сескеніп, үйге қашқан аяқ дыбысы ма, өз жүрек дүрсілі ме, білмейді.

— Әй, мынаны істеген қай жауыз?! — деген әкесінің даусын естігенде ғана далаға атып шықты. Есік алдында — қолындағы пышақтан қан сорғалаған Дәркенбай тұр. Шұбар бие әлі де жас жаны шықпай денесі дір-дір еткен құлынының алқымынан аққан қанын жалап тоқтатуға әрекет еткендей, үстіне төніп тұр; көзінен сорғалаған сорасы жаңа ғана қазылған қазан шұңқырға тамшылап жатыр. Әкесі аттан жаңа түскен екен, бөркін жерге бір ұрып, бүйірін таянып отыра кетті.

— Әлеке, біз бұл құлынды сіздің балаңыздан сұрап алдық, — деп арқа сүйер адамы келгендей бар күнәні бұған сүйей салды да Дәркенбай атына беттеді.

— Балам-ай, мұның не? Өз құтыңды өзің қашырғаның не? 0 заман да бұ заман баланы анасының көзінше бауыздаушы ма еді? Ей, Дәркенбай, ақылың жоқ болса да аяушылығың болмаушы ма еді, айуан емессің ғой. Түу, түу..., — деп мұнан ары сөйлеуге шамасы келмей, теңселе басы, киіз үйге беттеді. Жанынан өте бергенде Сүгір өзінің кінәсіздігін айтпақ еді, тіл-аузы байланып қалыпты, лəм дей алмады.

Сол күнгі түн мазасыз болды. Алтындай жарқыраған шартабақ бұл істеген қатігездікке қапаланғандай, түстен кейін қабағын түйді де бесіннен ауа тіптен түнере түсті. Тек ұясына қонардың алдында алба-жұлба бұлттардың ыдыраған бір тесігінен күн көзі жылт етті. Сүгір жанар тастап еді, әдетте сары алтындай еріп бататын күн жарықтық дəл осы сәтте көзі қанталаған жандай, қып-қызыл боп, алаулап барады екен. Шұбар құлынға жылағаны ма, адамзат табиғатына бойлай бастаған қатігездікті ойлап қайғырғаны ма, белгісіз.

Әке де, шеше де ұзақты күн күрсінумен болды. Шешесі «балам-ау, бұның не?» дегеннен аса алмады. Жалғыз бала, жанған шырақ, абайсызда өшіріп алудан қорқады екеуі де. Сүгір де сезеді, көп балалы үйде мұндайда көкбақа етіп сабаса да аз. Өзінің де тек шықпаған жаны жүр кеудесінде. Өкініш шіркін дəл осылай тамақтан алып, тыныс алдырмай буындырады деп ойламаған екен. Оқиға алыстаған сайын жаңғырып, жаны сая таба алар емес.

...Әлдекімдермен жағаласып жүріп, шошып оянды. Даусы қатты шығып кеткен екен, әкесі мен шешесі мұның төсегінің басында отыр. Екеуі де үрейлі.

— Балам-ау, науқастанып қалмадың ба? — дейді анасы жалғызына бір пәле сап ете қалған жоқ па деген қауіппен. — Сен де сол бір құлыны құрғырыңа сонша қайғырып, немене жалғыздан қымбат па еді?!

Онсыз да екі оттың ортасына түсіп, меңзең боп отырған шалына шабуыл жасайды.

Сүгір үн қатпастан төмен қарайды. Екеуі қосыла күрсініп, мұның көрпесін қымтап, әркім

өз төсектеріне тарайды. Мұның зіңгіттей жігіт болғанында шаруалары жоқ, бесіктегі баладай аялайды...

Түсі болар, тамаша бір леппен домбыра шертіп отыр екен. Бұлқынған сезімді бұғалықтардай бір күй ар жағынан төгіліп келіп жатыр, келіп жатыр. Әшейінде домбыраның мойнында жорға аттай сырғитын саусақтары көңіл күмбезінен құс боп көтерілген бұл әуеннің қанат сусылын өрнектеуге әрең үлгеріп жатыр. Бір кез, иә, бір кез... ту сыртынан келіп бір жылқының жан шошытарлық дауыспен кісінеп қалғаны. Аза бойы қаза болды. Домбырасының қолынан қалай сырғып түскені есінде жоқ, артына жалт қараса, о тоба, шұбар бие! Көзінен жас парлап, бұған қарай шауып келеді. Осы бетінде бұған жетсе, таптап тастардай. Сүгір қатты қорықты. Өзін бір сөтке қорғансыз сезінгені сонша, «Әке!» деп айқалауға ғана шамасы келді. Оянып кетті. Төсегінің басында тағы да әкесі мен шешесі қатар отыр.

— Сүгіржан, неге шошыдың, балам-ау?! — дейді әкесі де не шара жасарын білмей. Анасында не түр жоқ, не тіл жоқ.

Сүгір мең-зең, айналасында не болып жатқанынан бейхабар жандай екеуіне кезек-кезек қарайды. Осы кезде киіз үйдің дәл желкесінен ащы кісінеген жылқының дауысы естілді.

— Міне, мынау ғой, мынау — шұбар бие! — деді Сүгір безгек қысқандай үзіп-үзіп сөйлеп, — оның баласы өлді ғой, баласы... Қоңыр құлынды тел емізу керек, сонда ғана зарлауын қояды, ана ғой, ана...

Шұбар бие тағы бір кісінеп алып, тасырлатып шаба жөнелді. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде де тұяқ жетер жердің бәрін тінтіп, құлынын іздеп жүр жануар.

Қоңыр құлынды шұбар бие бауырына бірден алды. Қатты ауырған Сүгір де сол күннен бастап қоңыр құлынның екі биені тел еміп, тентек бола бастаған қарекетіне киіз үйдің керегесінен сығалап жатты. Хош көңілмен бірге түнеу күні түсінде тартқан күй сазы санасына қайта оралып, домбыраға қол созғызды. Күй бастан-аяқ домбыра шанағына құйыла кеткен жоқ. Тұла бойды иітетін сұңқыл саз кенет тасқа тірелгендей боп тоқтай қалса-ақ, Сүгір домбыраны алдына көлденең тастай салып, керегеден сыртқа көз жіберетін. Әуелі шұбар биенің бауырына ене түсіп, қос емшегін қақтай еметін қоңыр құлын өз анасының бауырына да нәр татпаған аш баладай түртінектей кіретін. Кішкене қарын тез тоймай ма, ұзамай ойын баласындай айнала құйғыта шауып, шаң атаулыны аяғынан тік тұрғызатын. Қоңыр бие қызғаншақ болмай шықты. Құлыным көз алдымда жүрсе болғаны дегендей, ұзап кетсе осқырынып қойып, жайбарақат тұра беретін. Керісінше, шұбар бие шамшыл. Қоңыр құлын өз анасының маңына көп айналса-ақ қазыққа байланған тізгінін тартқылап, жер тарпып тұратын. Бұл күнде сирек кісінейді. Бірақ бұл кісінеу сол бір күндердегі ащы айғайының жанында ән салғандай жайлы.

...Екі биені тел еміп, бүйірі бұлтия бастаған қоңыр құлыңды көрген сәтте Сүгір де қуанышын құшағына қыса түсіп, ерекше толғанады. Кеудесін кернеген әлдебір ағын шығар арна іздеп, сезімін буа түседі. Домбырасына қол созады. Сұңқылдаған сылқым үн киіз үйдің керегесінен сыртқа қашып жатады.

Кешкілік әке-шешесі келгенде Сүгір күні бойы кеуде күмбезінен шығып, домбыра шанағына қоныс теуіп үлгерген бұл күйді орындап береді. Әке де, шеше де үнсіз қалады. Айтуға сөз таба алмайды екеуі де.

— Бұл не күй, балам? — дейді сәлден соң әкесі үнсіздікті бұзып.

— Бұл — «Телқоңыр» ғой, әке. Шұбар биенің қайғысы мен қуанышы, екі анасын тел емген қоңыр құлынның бақыты...

Дәл сол күні қойнына мұз жасырып, желмен көшкен қаңбақтай домалап келе қалған Дәркенбай бұл үйге қайта басын сұққан жоқ. Сүгірдің жанын жараламайық деді ме, әкесі де одан шұбар құлынға құн сұрап барған жоқ. Жалғыздарының төсектен тұрғандарына қуанып, сары жапырақтай боп жүрген Сүгірдің көңілін аулады. Әбден жазылған соң көптен көңілдерінде пісіп-жетілген жоспарлары — үйлендіру жайлы сөз қозғады.

Межелі күні жетіп, әкесі мен шешесі құдалыққа кеткен. Үйге құпиясын құшағына қысып жүретін Қыдырбай келді. Жымың-жымың еткеніне қарағанда, бір жаңалығы бар секілді.

— Немене, Сүгір, аяқ тұсалатын боп жатыр деп естідім бе?

— Солай, бауырым, жалғыздың жолы жіңішке болады екен, әке-шешемнің меселдерін қайтарған жоқпын.

— Жөн оның. Той қашан?

— Бүгіндері келісе алса, арғы аптада той өткізбек.

— Ымм, қап-ай, реті келмейтін болды-ау...

Қыдырбай Сүгірдің домбырасын алды да шерте жөнелді. Домбыра шанағынан тәуір бір күй төгілді.

— Қыдыр, нені айтасың? Ненің реті ол келмей тұрған?

— Бәрібір сен бара алмайды екенсің. Сенсіз біз де бармаспыз. Әй, өзі де бір қараторының сұлуы дейді...

— Ол кім? Сұлудың не қатысы бар мұнда? Қайда бару керек? Ретімен түсіндіріп айтсаңшы енді...

— Арқада Баймырза деген найманның Мафруза деген күйші қызы бар көрінеді. Өзі Арқаның суреттеп болмас сұлуы дейді. Асқан күйші де екен. Онымен домбыра тартысқан

да арманда, тартыспаған да арманда. Тобымызбен соған бір барып қайтсақ деп едік...

— Барамыз, дайындалыңдар!

— Сенің тойың ше?!

— Үйлену ешқайда қашпайды. Келген соң-ақ аламын әйелді. «Әйел — жолда, бала — белде» демеуші ме еді аталарымыз. Тек бір-екі күн әке-шешемді күтейік, рұқсаттарын алып шығайын жолға.

Құдалықтан көңілді оралған әке-шешесін Сүгір сөз бұзбай тыңдады. Нұрболсын байдың Сұлушаш атты қызын білетін. Жігіт-желеңмен салтанат құрып, той-думан қуып жүріп талай жолыққан. Домбыраның екі шегіне екі дүниенің шерін сыйғыза шерткенде ол қыз шаралы көздеріне талай жас та алып қалған. Бірақ тым тәкаппарлау секілді, той-томалақтың аяғына қарай өтетін қызойнаққа қалмай, екі-үш құрбысымен үйіне ерте қайтатын. Өзінің домбыраға қосылып ән айтатыны да бар. Кескіні келіскен, дене бітімі бір жігіттің құшағына олқы соқпастай, егіз бұрымы балтырын соққан, үлде мен бүлдеге оранған, шіріген байдың сылқым қызы еді Сұлушаш.

— Жарайды, — деді соңында, — үйленсем үйленейін. Бірақ маған оншақты күн мұрсат беріңіздер. Арқадан бір күйші қыз шығыпты дейді. Сонымен өнер сайысына бір түсіп оралайын.

— Той енді екі жетіден соң, сәрсенбінің сәтіне белгіленді. Барам десең бар, тоқтатып не қылайық, желігің басылмай қара жерге құйрық баспайтын желтең жігіт болмасаң не етсін..., — деді әкесі мен анасы жақтырмағандарын жасыра алмай.

Бұлар ертеңіне алты жігіт болып атқа қонды. Сүгір кеше ғана болашақ атасы өзіне арнап жетектетіп жіберген көздің жауын алатын көккасқаға ер салды.

Бір ауылдағы өнерімен аты шыққан алты жігіт аттарын қабырғаластыра тебініп қалғанда, бүкіл ән-күй атаулы солармен бірге көшіп жүре берді. Ал, олардың ат аяғы жетіп қонған ауылдары сәтінде дүрілдеп, думанға айналып отырды. Құс қанатымен хабар жете ме, жол бойындағы келесі ауылдың қыз-бозбалалары жиналып, бұларды күтіп алатын болды. Сүгірдің ойына Сұлушаш қалай тез кірсе, солай тез шықты. Бұлар бір ауылдан қонып, бір ауылдан түстене жүріп Найман Баймырзаның ауылына онынші күні түс әлетінде әрең жетті.

Жұрттың жайлауға көшкен кезі. Жасылы аз болса да жалқындап тұратын Арқаның жері ақ көйлегін көкке жаңа ауыстырғандай көрікті. Қаз- қатар қонған киіз үйлердің сонау шеткісі қазан-ошағын ұшы-қиыры көрінбейтін көлге тіреп барып бір-ақ тоқтаған. Суы да мол, дуы да мол, шуы да мол бір жаз-жайлау.

Бұл ауылда да Сүгірлердің келетінін білетін болып шықты. Ұзынқұлақтан естіген екен. Кімдер, неге келе жатыр, ол жағынан хабарсыз. Тек «Оңтүстіктен алты өнерпаз жігіт шыққан екен, қонған, түстенген жерлерін ән мен күйге бөлеп келеді-мыс» деген сыбыс сол баяғы. Бұлар бірден Найман Баймырзаның үйін сұрады. Айран сұрап келіп шелегін жасырғандары жөн бе, не де болса аңсап келе жатқан Мафрузаны қапыда жолықтырып, сынағысы келді.

Кең сарайға бергісіз боз үйдің сырты салтанатты көрінді. Бұлар келіп ат басын тірегенде де іштен ешкім шыға қоймады.

Туырлықтарын тура бүгін басқандай сәнді сарай ішімдегімді тап дегендей тымпиып қана тұр.

— Ассалаумағалейкумдер, құдайы қонақпыз! — деп алтауы сау етіп кіріп барды.

— Қонақ болсаңыздар төрге шығыңыздар. Құдайы қонақ болсаңыздар ат терлетіп алыстан келген болдыңыздар ғой, шөліркеген боларсыздар, мен шәй қояйын, — деген жезқоңырау дауыс шықты. Жігіттердің бәріне бұл періштенің үніндей боп естілді. Үйде ешкім жоқ еді. Тек оң жақта құрулы тұрған көк атлас шымылдық болар-болмас қозғалды да, жігіттер солай қараймын дегенше, сымбатты бойжеткен бүрмелеген етегін еппен көтеріп, жүгіре басқан күйі далаға шығып кетті.

Алтауы да төрге озбай босағадан сол биігірек жантая-жантая кетті. Үй ішінен бойжеткен қыздың қолтаңбасы бояуын қою жаққан суреттей көрініп тұр. Оюлы текеметтің үстіне жайылған құрақ көрпелер қандай. Керегенің ортан белінен төмен жерге салбыратып түскиіз тартылыпты. Түскиіздің етегі мен жағасына жеңіл ғана оюдан өрнек салынған. Желбау, құрбауларының ұшына дейін күлтеленген кестелер көздің жауын алады.

«Өзі іздеген үйімізге адаспай келдік пе?» дегендей бір-біріне көз салған жігіттер өздері жантайған жақтағы керегеде ілулі тұрған домбыраны бір мезгілде байқады. Қыдырбай Сүгірге қарады. Сүгір алыңдар деген белгі берді. Жолда уәделесіп келген. Егер атышулы домбырашы болса, оның домбырасы үнемі бабында тұрады. Құлақ күйін келтіріп, анау-мынауды шертіп жатуды ондай жан мін көреді. Бірден алу керек те, бастай беру керек. Қазір де сол қыз қазан-аяқ жақта жорта кешігіп жатқан секілді. Сөзге айналмай, бұлардың шабысып бір көріп алмақ та шығар.

Қыдырбай қолын тигізіп көріп еді домбыра шабыс тілеп тұр екен. Мұнан артық дыбыс шығарған жоқ, керім күйлердің бірін бастай жөнелді. Сүгір орнынан аунап түскен болып, керегенің арасынан сығалап еді, самаурынын ошақ басына апарған бойжеткен әлі от тұтатпастан, құлағын үй жаққа тосып,

жүрелеп отыр екен. Сүгір Қыдырбайға көзін қысты. Бұл «бойжеткен - Мафрузаның өзі» деген белгі еді.

Қыдырбай өзі күй тартып отырғанда қыздың үйге кірмейтініне көне алмағандай, ұзақ сонар қайталап, домбыраны Құдаймендіге әрең берді. Құдаймендіні де домбыра қолына тисе аруақтармен тілдесіп кететін арқалы күйші — өз арынымен Қыдырбайды да шаңға көміп кете берді. Жұмабек, Жарқынбай, Мелдестер де нағыз сен тұр, мен атайындар болатын, домбыра қолдарына тиер-тименстен от тиген үпелектей өршітіп әкетті. Бесінші жігіт, Жарқынбай, жан төзгісіз ғажап бір сазды күйді әсем толғап, әшекейлеп бітіре бергенде, қыз үйге қайта кірді.

— Өнерлеріңе нұр жаусын, жігіттер, — деді маржандай ақ тістерін керсете жымиып, — саусақтарыңыздан бал тамған, жүректеріңізден жыр төгілген бір-бір елдің төресі болармысыздар. Келе-сала сапарларыңның мақсатын күймен білдіріп жатырсыздар. Жауабын күймен бермесем болмас.

Сүгір домбыраға ұмсына берген қолын тартып ала қойды. Қыздың сезімталдығында шүбә жоқ. Ат басын бір мезетте тіреген алтаудың ең соңғысы тегін болмасын білгендей, алдыңғы бесеуін бір бұғалықтап алмақ қой...

Жағадағы жас талдың жүз бұтағының ең түзуінен кесіп алғандай сүйрік саусақтар домбыра мойнында көбелек боп ойнап жүре берді. Домбыра да өз иесінің саусақтарын сезгендей арқаланып, кейбір кібіртіктен арылып, арындап-арындап алады. Астыңғы ернін сәл жымқырып алған қыздың жұқа өңіне қызыл бояу жаңа жайылғандай, алаулап барады. Қарлығаштың қанатындай қастары сәл төмен орналасқан шаралы көл-көздерге шатырдай иіліп, жараса қалған. Аршыған жұмыртқадай алқым мен аққу мойын көрмей-ақ ғашық ететін жан сұлулығы мен сәл қимыл сайын дір-дір еткен қос анарлы кеудедегі тән сұлулығының арасындағы алтып көпір секілді. Бірақ мұның бәрі домбыра көмейінен шыққан керемет күй үнімен салыстырғанда әдіре қалғандай. Қыз күйді аяқтар сәтте мұнан бұрын қыз жаққа өңеш созып күй тартқан бес жігіттің бастары да төмен салбырап, жанарлары ғана от шашып отырды.

Күйді аяқтаған бетте қыз домбыраны Сүгірге ұсынып жатып:

— Міне, қонағым, енді сенің кезегің. Өзіміз алтау едік, бірімізді алалады деме, бөле-жарсам әр жаққа ала қашып тұрған сезім-тұлпарымның тізгінін сен ұстай ма деген үкілі үміттен шығар! — деді тіке.

Сүгір сасып қалды. Сұлу қыз жаңағы тартқан күйімен бес жігітті қолдарына домбыра алмастай қылды. Бұл сүрінсе, бәрі келген жолдарымен ауылға қайта берсе де болады. Не тартса екен? Ұзақ ойланып отыруға уақыт жоқ, күйтартыс та бір сөзбен ұстасқандай бәсеке. Кешіктің бе — жеңілдің. Осы сапарға жүрерде етегіне орала берген соң басын бастап қойған бір күйі бар еді. Соны тартса ма екен? Қанша шебер болсаң да бұрын ел арасына танымал күймен бұл қызды таңқалдыра алмайсың. «Түгел тартып шыға алмай қалсам ше?». Қызға қарап еді орнынан тұрып, сыртқа беттеп бара жатыр екен. «Тәуекел!». Домбыраның ішектерін төрт саусағымен екі тиектен бір мезетте ауыстырып жіберді. Домбыра дың етіп, баяу ғана тыныс алды. Ұзап үлгермеген қыз бұл сәл дыбыстың өзін сезе қойып, артына жалт қарады.

— Қарындасым, мен солақай едім, — деді Сүгір ақталғандай. Қыз табалдырықтан аттай бере мырс етті. Күлді ме, мазақ етті ме, ешкім айыра алмады.

Жауырынымен бір аунап түскен балуандай болды. Бірақ қызға ашуланып тұрып кетсе, жігіттігі қайсы. Домбыраның ішегін шертіп көріп еді қаттылау бұралған екен. Сәл босату керек. Сонда ғана күйдің сәні келуге тиіс.

Жігіттер енді не болар екен дегендей, ұнжырғалары түсіңкіреп отыр екен. Тіпті орталарында Сүгірдің өзі бар екендігі де бір сәт естерінен шыққандай. Дәл қазір қызды тізе бүктіретін күй тартылмаса алтауы да бұл үйден шыбыртқымен айдаған тентек баладай шығып кете беретіні сөзсіз.

Сүгір керегеден сығалап еді, қыз үй жаққа құлақ түріп, үнсіз отырғанын байқады. Бастап кетті. Әуелі кең әлемді бір кеудеге сыйғызғысы келетін керемет бір толқыныс домбыра шанағынан ықылық атып, сыртқа қашты. Дереу асқақтаған астыңғы шекке мұңы басым үстіңгі шекті қоса қойды: тата-тата-та, та-та-тата-там, та-та-тата-та, тат-тата-там... Күй баяу ғана, бұйығы, ойлы басталды. Тізгінді тежеп отырған Сүгірдің өзі. Күйдің керемет те келісті тұсын тартып отырып, әзірге беймәлім жалғасын ойлап отыр. Сол тұсқа келгенде қайтер екен?! Саусағының өзі сұңқыл саздың заңды жалғасын тауып кете берсе жөн-ақ. Дәл сол жерде аяғына қан түскен аттай сүрініп кетсе, өлім ғой.

Күйдің басталған тұсындағы толғағы ащы бөлігін тағы бір қайталап алды да орта сағаға түсті. Қағысы сәл ширады. Жаурынының жіпсігенін сезді. Орта сағада ойқастап-ойқастап алып, үш перне жоғары көтерілетін де сол жерде қос ішектің ең бір сазды тұсын тауып басып, құйқылжытып кететін. Тура бір су шайқалмас жорғаның жүрісі дерсіз, тайпалтып жөнелді. Тыңдаған жанның тұла бойы отқа түскен темірдей балқып жүре берер сәті осы.

Жігіттер бұл не керемет күй деген-

дей, ауыздарын ашып қалған. Далада жел соғуын, құс ұшуын тоқтатқандай. Тек қана тұла бойынды теңдессіз сұлу сипағандай, ессіз бір сезімнің теңізінде қалқандай қалқып кете барасың.

Даладағы қыздың орнынан қалай тез көтеріліп, үй жаққа жалт қарағанын Сүгір көрген жоқ, бірақ солай боларын күтті. Сағадан сырғып кеп әлгі сылқым жерге түскенде қыздың табалдырықтан аттап үлгергенін де көрген жоқ, сезді. Сезді де, саусақты сәл жоғары алып, сыңқылды одан әрі өрбітетін жерін өрнектеп, ұзақ отырды.

Домбыра үні тіл байлағандай. Тек сол сәтте ғана қыздың шөп басын қимылдатпай кеп оң жағына тізе бүккенін көрді. Күйдің дәл осы жерінде домбыра пернелерінен керек үндерді үзіп алуға бес саусақтың да аздық ететін жері бар болатын. Сүгір сол жерге келгенде ылғи қинала беретін. Қазір де қатты қауіптеніп отыр. Алдыңғы үндерді құбылтып кеп, сәл сол тұсқа түсе бергенде қыздың қолдары қарлығаштың қанатындай боп кеп жанаса кеткені. Сүгір өзінің бес саусағын билетіп-билетіп алып, алтыншы саусақ керек-ау деген жерде қыз сол пернені дәл тауып баса қояды.

Мұнан ары күйдің басын қайталап барып, үлкен сағаға қайта түсу керек. Бірақ Сүгір бұған асыққан жоқ. Дәл осы жерден кетсе қыздың саусақтары да уақытша керек болмай қалады. Айрылғысы келмеді. Сол қолының шынтағын сәл көтерінкіреп еді білегі демімен бетін шарпып отырған қыздың сол анарына барып соқтықты. Топ-толық екен. Тұла-бойына тентек сезім тарап үлгерді. Қыз да кеудесін кері тартқан жоқ. Домбыра болса қос мұңлықтың алты бармағынан төгілген алқалы күйді жан-жаққа көбіктете шашып, ен далаға көсіле шапты.

Жігіттерден ұялғанынан ғана Сүгір күйді ары қарай жалғады. Ендігі екпіні шабытқа ерекше толып ақты. Саусақтары домбыра пернелерінде тынымсыз билеген кезде сарқырамадан секіріп аққан тау суындай, құлақтың құрышын армансыз қандырады. Үлкен сағадан қашан шығады дегендей қыз да алабұртып отыр екен: әлгіндегі дірілдетіп әкететін жорға үндерге келгенде қолдары өзі-өзінен домбыра сағағына созылып, керек пернелерді дөп тауып жатыр. Бұл жолғы үн алғашқыдан да анық, алғашқыдан да асқақ, алғашқыдан да мұңлы, алғашқыдан да ғашық естілді. Сүгір күйді қағысын баяулатпай, бірден шорт үзгенде, қыз да тұруға тырыспай, сол орнында жантайып, қимылсыз қала берді. Дем де, үн де жоқ. Сүгір оның жүзіне сонда ғана тіктеп көз салды: толған айдай толықсыған бір сұлу. Үлбіреген тамақтан ақша маңдайға дейін тек табиғат-суретшінің қолынан шыққандай, мінсіз мүсін. Әсіресе, бүкіл сұлу жүзге шұғыла шашып тұрған кездердің шарасында мөлдіреп тұрған қос тамшы қандай жарасымды.

— Жаратқан-ай, не қылған керемет дүние мынау? Мұндай күйді тек Сүгір тартса керек еді! Бірақ әлдеқашан сүйегі құрап қалғал Сүгір мұнда қайдан келсін?! — деді қыз, ішін өртеген жалыннан өзі өртеніп кетпеуге тырысқандай, ah ұрып.

— Бойжеткен, неге олай дедіңіз, сол сіз арман еткен Сүгір сүйегі құраған жоқ, — міне, алдыңызда отыр! — Алғашқы тілі шешілген Қыдырбай болды.

Қыз әуелі селк етті. Көздері кереметтей үлкейді. Кірпіктерге ғана ілініп тұрған әлгі қос тамшы құзға құлап, жоқ болды. Гүл еріндер еріншектей ашылып, сәл-сәл тұрды да:

— Не дейсіз? Сүгір біздің замандасымыз ба еді?! Күйлерін естіген сайын өзімнен бір ғасыр бұрын өткен ата ғой деп аруағына сыйынып жүруші едім. Үйіме Сүгір келді ме? Әке, әке! — деп ынтыға сыбырлады.

Орнынан еліктің лағындай атып тұрған қыз үйден шыға жөнелді. Сүгір оның қолынан ұстап та үлгермеді. Қыздың даусы үй артында қоңыраудай сыңғырлады:

— Әке! Әке! Үйге Сүгір күйші келді! Үйіңе құт келді, береке келді, әке! Сүгір келді, сұңғыла домбырашы келді, әке!

Желмен хабарланды ма, елден хабарланды ма, ауыл азаматтары түгел осы үйге ағылды. Қой сойылды, қымыз сапырылды, әнші, күйші жиналды, той басталып жүре берді.

«Оңтүстіктен Сүгір деген күйші келіпті!», «Сүгір келіпті!», «Атақты Сүгір келіпті», «Күйші Сүгір деп күйлерін тамсана тартатынымыз кәріқұлақ адам емес, отызға да толмаған жігіт екен, сол Сүгір Баймырза байдың қызы Мафрузамен күй тартысуға арнайы іздеп келген екен. Мафруза жеңіліпті, енді ол Сүгірге күйеуге шығады екен!» деген сөз өрттей қаулап, бұл ауылға тыным болмады. Ат жетер, аяқ жетер жердегі ел түгел жиналды. Ел ішінде бір күндік қызығы үшін ғана мал жиып отырған серілер аз ба, солардың бірінен соң бірі Сүгірлерді тобымен қонаққа шақырып, қолдан қолға тигізбей әкетті.

Арада ай өтті. Арқаның ат жетер жердегі елі Сүгірді түгел тыңдады. Үлкендер батасын берді, балаларының аузына түкіртті. Той-думанмен араға ай салғанын да сезбей қалған алты жігіт бір оңаша қалғанда алыста ел барын еске алды. Дәл осыған дейін сыр шашпай жүрген Сүгір мен Мафруза болса ілкі сәтінде бір-бірінсіз өткізген күннің әдірә екенін түсінді.

— Мен Сүгірге өмірлік жар болуға сөз беріп келдім, — деді Мафруза әкесі мен шешесіне. Олар түк таңданған жоқ. Шешесі көзін жасқа шылай бергенде, әкесі тіл қатты:

— Балам, сен менің ұлым да, қызым

да едің! Атастырған жерің бар екенін де білесің. Сөйтсе де Сүгір секілді саңлаққа сені қалай бермеймін дейін. Бір-біріңді ұнатқан екенсіңдер, бақытты болыңдар! Құда жақпен өзім тіл табысамын, мал жалынсын оларға. Бір тілегіміз бар. Сені Сүгірге жетектетіп жібере алмаймын. «Найманның Баймырза байы» деген атым бар, үш жүз түгел білмегенмен Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңыратқа атым мәлім. Сені ұлан-асыр той жасап беремін. Тойға ат аяғы жетер жердің бәрін шақырамын. Өз өңірін Сүгір де түгел шақыра келсін. Бұл менің ендігі көретін соңғы тойым болар, балам. Соны қиыңдар маған! Сүгірге солай деп айт.

Мафруза Сүгірден сүйінші сұрады. Сүгір бес жігіттен сүйінші сұрады. Құйын боп барып, құс боп қайтуға уәде беріп, бәрі жолға шықты.

— Сүгір, сен келесің ғой?! — дейді үзеңгісіне жабысқан Мафруза.

— Неге олай дейсің, жаным?! Сенсіз Сүгірдің таңы атып, күні шыға ма, шырайлым-ау!..

— Аман барып, сау қайт, сұлтаным! Мен жолыңды күтушімін... Ә, әлгі алғаш келген күні тартқан күйіңді не деп атадың?

— «Алтыбармақ» болсын, күйді менің бес саусағым, сенің бір саусағың тартты емес пе?

— Тыңдашы мені, кел, ол күйді «Кертолғау» деп атайық, өзі де бір кербез күй екен, ә?!

— Жарайды, жаным, күй аты «Кертолғау» болсын, тамаша ат екен, сенің де есіңде болсын, бұл саған арнаған күйім.

Аттарын тебініп қалды. Мафруза үзеңгіні үзердей ілесіп барып, әрең жіберді. Орамалының бір ұшын бұлғап, бір ұшымен көзін сүртіп қала берді қыпша бел.

Жігіттер ауылдан ұзап шыға бере аттың басын жіберді. Бір айдан бері ауыл арасынан ұзап шығып, шабыс көрмеген жылқылардың жотасы тез майланып, жалданып қалған екен. Әйтсе де алғашқы сәтте бір-бірімен құйрық тістесіп, алысқа ұзатпады. Тек құлақ түбінен тер шыға, көккасқа қара үзе берді. Сүгір ат басын тартып, достарымен қатар аяндады.

— Таңдаған жарыңда кеміс жоқ, көккасқаң жаратсаң-ақ бәйге аты, біздей серігің бар, Сүгір, Алла қаласа, бақытты жансың-ау, — деді жігіттердің бірі шын көңілден.

— Оның рас, Жарқынбай. Астымдағы атымды, қызын қайтарсам, бай өзі алар, бірақ қасымда сендер болсаңдар, Мафруза жарым болса, одан артық Алладан ештеме сұрамадым!

Бір жанның бақыты бес-он жігітті еркін жылытатын заман емес пе, алтауы да алтын тапқан жолаушыдай желпініп келеді. Арттарынан қуа соққан Арқаның жылы желі бұлардың қуанышын еліне ертерек жеткізіп, сүйінші алуды ойлағандай, әр төбенің басын бір шолып, екілене соғады.

Басы мен аяғын ешкім өлшеп көрмеген жер жарықтықтың тіршілік атаулыға қарайтын мөлдір көзіндей бол толқып жатқан көлдің бір шетінен бір шетіне шығу оңай емес. Ал, одан ары ұшы-қиырына көз жетпейтін сары дала.

— Жігіттер, ас-суымыз мол ғой, бүгін осы көлдің жағалауына қонайық, — деді Сүгір. Жігіттер бір ауыздан мақұлдады. Күн ұясына ене қоймаған кез. Кеш түсіп келе жатса да күннің солғын сәулелері жерге көлбей құлап, көлге шағылысып, жан-жағына түрлі моншақ тағып тұрған. Сезімге қозғау салар-ақ шақ. Төрт жігіт ас қамдап жатқан кезде Қыдырбайды ерткен Сүгір көл жағалап кетті. Екеуі қамыс-қоғасы аралас жағалауға тоқтап, аяқтарын суға малып отырды. Сүгір домбырасына қол созды да ерекше шабытпен жаңа бір күйді екшеп тарта жөнелді. Қыдырбай қимылсыз қалды. Күй құдіреті оны да жағалауға желімдеп тастады.

Сүгірдің көзі жұмулы. Саусақтары жан тереңінен сезім талшықтары арқылы берілген бұйрықтарды бұлжытпай орындап, ойнақы билейді. Күй келбеті адам көңілінің шалқыған бір сәтін айнытпай өрнектеп жатыр. Сылқ-сылқ күліп қуанады, сықылықтап еркелейді, бақытын жария етіп, тойға шақырады. Тек күйдің соңына қарай домбырашы үстіңгі ішектерден кейбір сағынышты пернелерді тауып басып, сүйгенінен аз күнге болса да айрылысып бара жатқанын жария қылады. Бірақ көңілдің шалқуына шек бар ма, бұл мұңды ілезде аспанға үрлегендей жоқ етіп, жаңағы жүйрік атқа қайта мінгізеді. Жүйрікке тақымы бір тиген соң белгілі емес пе, белден бел асып кете береді көкдөнен.

Қыдырбай басын күй аяқталғанда барып бір-ақ көтерді. Сүгір де үнсіз, тек кірпік қақпай көлдің қарсы бетінен зіл қара тастай боп түсіп келе жатқан қараңғылықты тілгілей қарап отыр.

Екеуі отырған жағалауға үш аққу жүзіп келіпті. Қыдырбай оларды жаңа байқады. Төртіншісін қанша тесіле қараса да таба алмады. Екеуінің сөз қағысқанын естіп, аққулар қайтадан айдынға қарай ұзай берді. Қос аққу алға озды да сыңар аққу тұмсығымен су сызып, қалып қойды.

— Шабытың қанаттансын, Сүгір. Бір сылқым күйге куә болдым-ау деймін бүгін?

— Рас, достым, бұл бақытымды тауып, шалқыған көңілімнің суреті, аз күнгі айрылысуға орай, көңілдің мұңы да бар...

— Олай болса аты, «Шалқыма» болсын!

— Болса болсын!

...Бұлар ауылға таянғанда алдарынан бір топ жан қарсы алды. Ортасында

Сүгірдің әкесі Әлі де бар. Жүзі қату, жалғыз ұлдың амандығын көріп, көңілі орнына түсті демесеңіз, іштегі тоң оңай еритін түрі жоқ. Бірден бөлектеп әкетті. Үйге кірген бетте зілдеп сөз бастады.

— Сүгір, сен екеуміз түнеу күні келіспеп пе едік? Мұның не? Мені екі ауылдың алдында бірдей ақымақ еттің ғой! Тойды белгілеп қойғанымызды өзің де білесің. Немене, Нұрболсын бай менен қорыққанынан қыз бергелі жүр дейсің бе? Сені осы өңірдің ерекше өнерлі азаматтарының бірі деп біледі екен. Саған бас игені. Енді сол азаматының істегені мынау. Өй, қарағым-ау, сендерді күткелі тура бір жарым ай болды ғой! Жұртқа қарауға бет жоқ, үйден шыға алмай қалдық мынау шешең екеуміз...

— Әке, мен өзіме лайық жар тауып келдім. Тек сіздердің баталарыңыз керек. Баймырза деген найманның Мафруза деген қызымен өмірлік серік болуға серт айтысып, уәде байластық. Рұқсат берсеңіз, ертең Мафрузаны алып келуге қайта жүремін.

— Сен не сандалып отырсың?! — Сүгір әкесінің бет-әлпеті адам танымастай өзгеріп кеткенінен шошып, төмен қарады. — Сен не сандалып оттырсың деймін?! Онда мені осында көміп бір-ақ кет! Өй, балам-ау, өзің көрдің, Нұрболсынмен құда түсіп, құйрық-бауыр жесіп қойған жоқпыз ба?! Сені сонау жер түбіне әйел іздетіп жіберіппін бе? Арғынның ағаш атқа мінген бір қызы ма көріп келгенің? Қой, шырағым, «бай болсаң бақырып боласың ба» деген екен, жалғыз бала болсаң да бүгінге дейінгі қылығың бір басыңа жетерлік. Ертең құдаға хабар саламын, арғы күні сәрсенбінің сәтіне келінді түсіреміз! Айттым — бітті, кестім — үзілді!!

Сүгір сұп-сұр боп отырып қалды. Иін ағаштың бір басы ерекше басып кеткені белгілі болды. Тула-тулама, бәрібір. Әкесінің томырық мінезі белгілі. Не айтқанын істейсің, не ат құйрығын кесісіп тынасың.

Сүгір салы суға кетіп, сыртқа шықты. Қыдырбай да үйге кіре алмай, айналсоқтап жүр екен. Болған оқиғаны соған айтты. Ол да оқиғаның шет жағасынан хабардар болғанмен, бұл тығырықтан жол тауып кете алмады.

— Сұлушашқа барайық, — деді ол бір кезде соңғы «талды қармағандай» үнмен, мүмкін қыздың өзін көндірерміз. Бір байқағанымда ақылды бойжеткен секілді еді.

Сүгірге бұл ақыл ұнады. «Несі бар, екеулеп жеткізсе, қыз да түсінер, мүмкін үлкендерге тоқтау айтар...» Сол кеште екеуі атқа қонды. Ымырт үйіріле қызды ауылға жетіп барды. Қыдырбайдың жақын жиендерінің қызын жіберіп, Сұлушашты шақыртты. Ертең күйеуге бергелі отырған қыздан көз жаза ма, жанына жеңгесін ерткен Сұлушаш сыртта жолықты. Сүгір мен Қыдырбайды таныды.

— Сұлушаш, — деді Сүгір созбалақтауға уақыттың тарын сезіп, — үлкендер бізді атастырып қойған екен. Мен сенің жеке басыңды кемітпеймін. Бірақ өмірлік жар болуға сөз байласқан адамым бар менің. Сенің де жүрегің калаған жанмен бірге болғың келмей ме? Ондай адамың да бар болар?

— Бар! Ол — сен!

Сүгір аузындағы сөзін айта алмай қалды. Сұлушашқа қараған. Көздері жасаурап өзіне тесіліп отыр екен.

— Иә, сен, Сүгір, сен мен үшін жігіттің сұлтанысың! Сенің домбыра көмейінен төгілген күйлерің, ақ жарқын мінез, атпал келбетің жүрегімді жаулап алғалы қашан?!

Сүгір тілін тістеп қалды. Өзінің кешірілмес ағаттық жасағанын да түсінді, қатты өкінді.

Сәрсенбі күні Сұлушаш Әлекеңнің шаңырағына келін боп түсті. Сүгір жағы карысқандай үнсіз жүрді. Той да тарқады. Екеуі оңаша қалды. Сонда ғана көздерімен жер шұқыса отырып тілге келді. Адамның қолымен жасалған тағдырдың ісіне екеуі де мойынұсынды.

Жас келіншектің жұпар аңқыған кеудесі айға таяу Сүгірді алдандырғаны рас. Ұзамай Мафрузаға деген сағыныштан ұйқысынан шошып оянды. Кешкі шақ болатын. Беймезгіл уақытта ұйықтаған екен. Денесі дел-сал, біреу әбден таяқтағандай, бойын жаза алар емес. Басына салған жастықты шынтағына умаждап, жамбастап жатты. Кеудесін кере дем ала алар емес. Ішкі дүниесі іркіттей іріп, қарап отырып құсқысын келтірді. Басы да дың-дың етеді, миларының орнына айран құйғандай, ештеме ойлатар емес.

Сұлушаш оның мына күйін бірден байқады.

— Сүгір, саған не болды? — деді басын ұстап.

— Жәй, Сұлушаш, жәй болар... домбырам қайда, әперіп жіберші.

Түу тереңнен жалынша атқылап жатқан өкініш өрті домбыра ішегіне аумай көшті. Адам көкірегіне ғана тән сұңғылалықпен мынау бір күні бір күніне жеткізбей зулаған заманның той-думанға бергісіз бедерінен тыңдаған адамды қарап отырып запыран құстырғандай зар-қайғыны қалай сүзіп алғаны белгісіз, бір үн сай-сүйегіңді сырқыратып, сорғалап кете берді, кете берді...

Сүгірдің жүзі алаулап, алау лапылға, лапыл өртке айналып бара жатты.

— Тоқтатшы, құдай үшін, бұл не зар заманың тағы туғызып келе жатқан?! — деп Сұлушаш оның тізесіне құлай кетті. Түйдек-түйдек келе жатқан керемет күй сазы дәл осы жерден құмға сіңген судай шорт үзіліп, жоғалды.

— Мұның не, Сүгір, мен саған бақыт сыйламасам да қайғы әкелмесем керек-ті. Мына

тартып отырғаның домбыраның шанағына қорғасын құйғызғандай қалың қайғы ғой. Қой, Сүгір, шаңырақты шайқама, қайғы шақырма босағаға! — Сұлушаш пора-пора боп жылап отыр екен.

Ләм деген жоқ, домбырасын керегеге сүйеді де далаға шығып кетті. Беті ауған жаққа жүре берді. Бір гүлден бір гүлге секірген көбелекше, қырдан қыр асып, ұзап барады. Ауыл сұлбасын кештің көгілдір пердесі көрсетпей жібергенде ғана тоқтап, жерге сылқ етіп отыра кетті. Көзін жұмды. Сұлушаштың сұлу жүзін көрді, ойлы сөзін естіді. Дұрыстығын мойындады. Ата-ананың қамқор көңілін көрді. Тентек баладай бәріне топырақ шашқан өзін жазғырды. Бұл жөнсіздіктің жақсылыққа апармасын мойындады. Енді-енді қара жер орнына қайта жайғасып, аспан төбеге қайта шығып, жұлдыз жымыңдап, жел шашын жұлмалап ойнай беріп еді, есіне Мафруза түсе қалды. Дүние қайтадан төңкеріліп түсті. Орнынан атып тұрып, үйге қарай жүгірді. Келе белдеудегі көккасқаның тізгінін шеше бастады. Үйден әкесі шығып, шылбырға жармасты.

— Сүгір, балам, тыңда мені! Төрімнен көрім жақын мына менің. Алла мазақ еткізбесін бізді. Білемін, алыс жолға жүргелі тұрсың. Сабыр ет, балам. Анау әйеліңнің айкүні жетіп отыр. Жаратқанның өзі жар болса, тұңғыш немеремді иіскеп барып өлейін. Әрі сол немерем екі жасқа жеткенше атыңа ер салмай қоя тұр. Одан ары тізгініңе ешкім де жармаспас, балам. Осы тілегімді бер!

Ентігін баса алмай, үйге қайта еніп кетті әкесі. Сүгір белдеуден шешіп алған тізгінді тас қып ұстаған күйі тұрып қалды.

Тұңғыштары қыз болды. Әлі ақсақалдың қуанышы арнадан асып төгілді. Қызы екі жасқа толды, ертеңіне Сүгір де атқа ер салды...

Бұл жолы жалғыз кетті, жанына ешкім ерген жоқ. Жол бойы домбырасын қолына әлденеше алды. Бір күйдің елесі мазалап келе жатқанын сезеді. Басында дыңылдап тұрады да домбыраны қолға алса, әлдеқайда қашып, жоқ болады. Кеудесінде күмбірлеген күй үні таныс: сәл зарлы, сағыныштың сары уайымына белшесінен батқан жанның жүрек сырын жайып салады бебеу үн. Бір сәт есіне түсе кетті. Әлгі ұйқысынан шошып оянатын күні түсінде естіген күйдің кербез сазы екен санасында шыңылдап тұрған. Міне, енді сол сылқым үн домбыра шанағына көшіп жатыр, көшіп жатыр...

Тыныштықтан сілтідей тынып тұрған дала кенет дүр сілкінді. Қанатын үш қағып, шырқау биікке шығып алған көңілдің көк құсы айналасына күй маржанын аямай шашады. Ықылық атқан жанартау сезім арнасына сыймай, лақ-лақ етіп төгіледі. «Шіркін десеңші, адамның кеудесіне сыйған арманның кейде мынау кең дүниеге сыймай кететіні несі екен? Сондай сәтте адам баласы, көзіне көріне қалса, әлемнің әміршісімен де жағаласа түсуге әзір тұрады. Бірақ жаратқан да шебер ғой. Шынжырлаған жолбарыстай бәріне көндіреді. Тек көңіл ғана толқыған теңіз, шалқыған мұхит: сол әуелгі сүйген қалпында, сол баяғы күйген қалпында қала береді...»

Күйдің күмбір үні осы ойлардың кеудесінде бесіктей тербетеді. Сүгір өзін-өзі ұмытып, мынау шексіз де шетсіз дүниенің айдынында аққудай боп жүзеді. Жан дүниесінде дауыл тұрып, бұршақ борағандай. Саусақтары сол сезімдерді ауыздықтап әуре. Қолына берсе бүкіл әлемді тарының қауызына сыйғызар бір ғана адамның жан дүниесі көзі мен көңіліндегі бұл дүлей сәттерді қоңыр домбыраның өзінен де қоңыр үніне байлап келеді.

Мафруза ғана емес соншама сағынып, қос ішектен жас ағызғандай зарлы саз төгілтіп келе жатқан, кешегісіне деген сағыныш, өмірге деген қызғаныш, әлі өзі көрмеген, мүмкін көрмейтін де, бірақ көңіл дөнені әлдеқашан басып алған қарасынан ағы басым, көгінен қызылы басым әлдебір сұлу әлемді аңсау, осыны ойлап опық жеу, соны сағынып сыр шашу, жыр төгу, күй шалқыту. Адам баласы сонысымен де құдірет болар-ау, бәлкім?!

Күйші еңсесін көтерді. Күйі де күңіренген кейіптен босанып, ат басын таяу болса да базарлы өмірге бұрды. Өзінің астындағы аяңға ауысқан шұбар бие секілді. Ол бет алған сапарын ойлап, алдан күтетін үміті мен күдігі мол күндерді ойлап, көңіліне үміт құйды. Мафрузаға келе жатқан жоқ па?! Иә, осыдан үш жыл бұрын бір-бірімен серт байласып, сөз алысқан пәк махаббатымен тағы бір тілдесуге келе жатыр ғой. Мейлі, Мафруза да қазір біреудің сол жақтағы сыңары болар, мүмкін балалы-шағалы шығар. Бола берсін, бұған керегі Мафрузаны бір көріп, сол жолы неге келе алмағанын өз аузынан айтып, арыздасу ғана. Сол ғана Сүгірге керегі.

Қай атаның қызы қай елге келін боп түскенін тап басып біліп отыратын қазақы ауыл емес пе, көп аралаған жоқ, Баймырза байдың жалғыз қызы Мафруза ұзатылған ауылды тұспалдап, тап басты. Бірден ол ауылға бармай, оларға бір қыр жетпей қонған қойшының киіз үйіне түсті. Алыстан келген жолаушыны құдайдай күткен үй иелері алдына ас құйып, төріне төсек салды. Сүгір кешкісін әңгіме-дүкен аяқтала бере домбырасын қойнына тығып, шапанын жамылды да далаға шығып кетті.

Киіз үйден тас лақтырым жерде баяу ғана тыныс алып жатқан биіктеу төбенің басына жайғасты. Түн қараңғысына қарамай әлдеқайдан жолаушылап келе жатқан жылы жел мұның да бет-аузынан сипалап, таныңдай-ақ, алақайлап озып кетіп жатыр.

Домбырасын ұзақ баптады. Сәлден соң жол бойы жүрегін жүз аунатқан күйді сұңқылдатып тарта жөнелді...

...Мафруза да екі-үш күннен бері елегізіп, мазасызданып алған. Жаман ба, жақсы ма, бір хабардың қайдан келерін жорамалдай алмай әуре. Бүгін тіпті мазасы болған жоқ. Ерте-ақ жатып еді, ұйқысы келер емес. Күйеуі әлдеқашан ертегілер еліне еніп үлгеріпті. Түн пердесі қалың түскен кезде төсекте ұйқысыз жатудан асқан қорлық жоқ. Әбден қалжырады. Ендi-енді көзі іліне бергені сол еді, тым алыстан домбыра үні құлағына талып жетті. Алғаш сенген жоқ. «Жеті түнде далаға шығып, домбыра тартатын есі ауысқан кім бар бұл маңда? Қой, жәй елес болар». Сәлден соң домбыра үні киіз үйге сыналын тағы кірді. Орнынан атып тұрды. Далаға жүгірді. Киіз үйдің есігінен аттап шығуы мұң екен, түнгі ауада қанат байлап ұшқан қоңыр домбыра үні өзін тапты. Күй ерекше мұңлы, адамның жанын суырардай сағынышқа толы екен.

Орнынан қозғала алмады. Күй аяқталғанша демін алуға да қорықты. Соңғы үн кірпіктегі жастай үзілгенде өзінің жылап тұрғанын бір-ақ білді. «Япырау, мынау кім болды? Шынымен-ақ Сүгір ме? Сүгірден басқа дәл осылай егілтіп күй тартатын кім бар бұл маңда? Тіпті бүкіл дүние жалғанда? Бар болар-ау, бірақ... мынау Сүгір ғой!».

Күй қайта тартылды. Сол күй, сол тартыс, сол сағыныш. Арнаған адамы естімей қалды ма дегендей, дәл сол шабытпен қайта сылқылдатты. Араға әлгі әдемі үнді талмап жұтар ғана уақыт қалдырып, тағы да, үшінші рет тартты күйші.

Мафруза түсінді. Бұл келген Сүгір болды. Бұл күй өзімен тілдесуі болды сабаздың. Көп ойланған жоқ, үйге қайта кірді де төрде ілулі тұрған домбырасын алып, далаға қайта шықты. Ауыл іргесіндегі қырдан асып түсіп, мамықтай жасыл шөпке тізе бүкті. Домбырасы бабында екен, екпіндетіп бастап кетті. Не тартып отырғанын өзі де тап басып айта алмас еді...

Сүгір күйді үш рет тартқан соң жаны жай тауып, жамбастап жата кетті. Жұлдыздар жымың-жымың етіп, сәт сайын сәлем беріп тұрған аспанға қарап жатқан. Жүрек дүрсілiндей боп асыққан домбыра үні естілгенде, есінен адасқан адамдай, сол дыбыс шыққан жаққа тұра жүгірді. Жүз жығылып, жүз тұрып жеткен кезде әлгі күй үшінші рет қайта тартылып жатыр еді. Елсізде есі ауысқандай жалғыз отырған Мафруза да, бөрідей жеке жорытқан Сүгір де бір-біріне құшағын аша ұмтылды.

— Келдің бе, күйшім! — деді Мафруза демі жалын атып.

— Келдім, келдім, Күйім! — деді Сүгір ғашығын кеудесіне басып. Екеуі таң сыз бере айрылысты.

— Енді саған келіп тұрамын, — деді Сүгір сағынышпен, — мынау «Жолаушының жолды қоңыры» деген күйім, саған деген, өмірге деген ғашықтық арманымды айтады бұл күй. Осы «жолды қоңырымды» жалау етіп жетемін сағынғанда, өмірімнің сәулесі!

— Менің де жауабым осы болсын, күйшім! Сенің осы күйіңмен жолдаған арман-тілегіңді мен өзімше ұғып, өзімше ұшырып едім ғой сен жаққа. Бұл сол күйдің қыздың орындауындағы үлгісі болсын. Келген сайын мені сол күйді тартып ізде, сол күйді тартып шақыр, мен осы күймен жауап беремін, Сүгірім, Сұлтаным!

Сүгір қойшының үйіне қарай, Мафруза отауына қарай кетті.

Ертемен жолға шыққан күйші, таныс көлге жетіп түнеді. Таң сыз бере әлдебір үрейлі үннен шошып оянған. Көл беті опыр-топыр. Төрт аққу өз топтарына киліккен сыңар аққуды жолатпай қуып жүр. Онсыз да серігінен айрылған сорлы, жалғыздықтан өлердей қорқа ма, төртеуінің арасына тығылады. Олар қанатымен шапалақтап, тістелеп, жолатар емес. Сыңар аққу, сыңсыта үн қатып, аспанға телміреді. Тұмсығымен су сызып, жан жарасын әйгілейді. Серігі қазір-қазір сол көк күмбезінен шыға келіп, жанына қонатын секілді. Күте-күте шаршаса, әлгі төрт аққуға бет түзейді. Төртеуі тізе қоса ұмтылып, жалғызды түтіп жеуге әзір мінез танытады.

Сүгір бірден сыңар аққудың жағына шықты. Оның басына түскен қайғының салмағын сезгендей, бірге мұңайды. Айдындағы асыр салған төрт аққуға қарап отыр, домбыра шертті. Аққулар жағаға жақындады. Жұптасқан төртеуі тым таяп келді. Мойындарын тәкаппар иіп, су бедерінде баяу тербетіліп қояды. Осы сәт сатыр-сұтыр үн естілді. Астаң-кестең су сабалап қалған бұл дауысқа Сүгір де жалт қарады. Сыңар аққудың серіктерінің бұл бақытты сәттерін бойына сіңіре алмай, төртеуінен бөлек қашқаны екен: жер-көкті тұмшалай басып келе жатқан қою қараңғылықтан да қорықпай аспанға көтеріліп бара жатты. Сүгір де жанарымен сол сыңар аққуға жабысып, бірге кетті. Сыңар аққудың бұл тосын мінезі ауылға жеткенше есінен шықпай қойды. Тіпті сыртқа шығар арна іздеп, көңіл патшалығынан саусақ-тамырлары арқылы домбыра шанағына құйылып жатты. Атақты «Аққу» күйі осылай туды.

Сұлушаш сабырмен қарсы алды. Әуелі амандығына қуанған болар. Тұлымшағы желбіреген қызы келіп мойнына асылды. Ауыл адамдары сағыныса сәлемдесіп жатты. Бір сәт терезелерін күңгірт перде жапқан көңілдеріне күн түскендей болды. Өмірдің көре білсең қуанышы мен қайғысы

қатар қонатыны таң қалдырды. Айналасына қуана қарады. Ай-күні жақындап қалған Сұлушаштан сұлу әйел жоқтай көрінді көзіне. Белінен құшақтап, өзіне тартты. Күн сәулесі жұпыны киіз үйдің есік-тесігінен ішке молынан құйылды. Сүгір домбыра тартты, қызы биледі, Сұлушаш қазан көтерді.

...Қыс қатты болды. Жарлыға да, малдыға да бірдей керін төккен актүтек бірте-бірте жуасып басбілгі аттай болған кезде-ақ қыстан қысылып шыққан Сүгірлер, жайлауға көшкенше асықты. Жер тоңы жұмсарып, жылу жарықтық күн көзінен емес, топырақ қабатынан белгі берді-ау деген кезеңде ел жайлауға жапатармағай көше бастады. Жалғыз ғана боталы інгенінен басқа қарасы жоқ Сүгірлер тұйыққа тірелді. Бірден көшіп кете алмасы белгілі.

— Сүгір, былай етелік. — Сұлушаш сұраулы жүзін Сүгірге бұрды. Сен екі қызыңды, жүктің жартысын алып көш жайлауға. Інгеннің ботасын осында байлап кет. Мен де осында қаламын. Ботасын іздеген інген салып отырып осында келеді. Қалған жүкті мен өзім артып апарармын сонда...

Көнді. Інген ботасыз кетерін білгендей, жүк артқанда-ақ боздай бастады. Қыстаудан ұзап шықпай-ақ жануар жан шыдатпас зар төгуге көшті. Тек жайлауға жеткен соң бұйдасын мойнына байлап жіберген сәтін көрсеңіз, дүр сілкініп алды да ботасы байлаулы қалған қыстауды бетке ұстап, құйын боп ұша жөнелді. Боздап-боздап алып, екпініне екпін қоса шабады.

...Сүгір қос ішекті қосарландыра іш тартқан жерін бозінгеннің қыстауға жетіп, ботасына жанасқан жері деп елестетті. Тұла бойы түгел иіп, сүт бұлағы желініне сыймай саулайды. Қарны тоя бастағанда-ақ бота-бала беталды секіріп жүгірді. Қапелімде қайта айрылып қалармын дегендей інген де ботасының соңынан жүгіреді. Бірі тентектік пен бақыттан, бірі қорқыныш пен қамқорлықтан әбігер болған бота мен іңген тағы да жанаса кетеді. Сүгірдің саусақтары да бұл сәтті сұңқылдата жеткізіп, суреттерін дыбыс құдіретімен айнытпай салады. Егіз ішек қосарлана шертіліп, құпия үн төккенде бұл қуанышты тап басып сезіп, жан біткен егіле жөнеледі.

...Бота тағы да тұра шапты. Ойнағаны, қуанғаны болар. Інген тағы да қуа жөнелді. Қорыққаны, сескенгені болар. Сүгір ана мен баланың бұл көңілді сәттерін де сүзіп алып, күй қабырғасына қалап жатыр. Тек ананың баласын бауырына басқанына, баланың ананың бауырына енгеніне куә болып, бозінген боздауын қойды-ау деген кезінде барып, күй арқауы да босады, күйші де өзінің кеңсарай кеудесін тепкілеген кейбір пенделік қайғысына тоқтау салып, тұлпардай тарпыған тұнық үндердің тізгінін шірене тартып, баяу желіске, одан соң аяңға түсірді де, бір кезде мүлдем тоқтатты.

* * *

Қыдырбайға барды. Құрдасы емес пе, меселін қайтарған жоқ, арық торы атын берді. Ер-тоқым үйде бар болатын, атын асықпай ерттеді. Үйге кіріп, қыздарының маңдайынан иіскеді, Сұлушаштың шашынан сипады. Сөйтті де домбырасын қанжығаға байлап, атын тебінді де Арқаны бетке алып жүріп кетті.

Таныс қойшының үйіне келіп түсті. Түн қараңғылана бере үй сыртына шығып, «Жолаушының жолды қоңырын» тартты. Көп күттірген жоқ, Мафруза да өз күйін шертті. Екеуі қыр астында жолығып, мауықтарын басты. Таң сыз бере екеуі қоштаса бастады.

— Сүгір, сол алғаш көргенде тартқан «Кертолғауды» шертші, — деді кенет Мафруза.

Сүгір атынан түскен жоқ, күйді ат үстінен ағылтты. Күй аяқталар-аяқталмастан кездері боталаған Мафруза:

— Бұл «Кертолғау» бұдан былай екеуміздің кертолғауымыз, шертолғауымыз болар, Сүгір! Кеудеме сені ойлап, шер толса, осы күйді тартып, сағынышымды басармын. Сен де солай ет. Бұл екеуміздің соңғы кездесуіміз болсын. Сұрама, сұрама! Мен әйелмін, сондықтан да он жылдан бері сенің осы сапарыңа қан жұтып аттандыратын жарыңа жаным ашиды, жауқазындай балаларыңның алдында бетімде перде бар. Сондықтан да бар сағынышыңды осы «Кертолғауға» сыйғызып тарт та, маған мәңгіге қалдырып кет. Мен сағынсам сол күйді тартып, сағынышымды басармын, күйдің сұлтаны!

Сүгір енді аттан секіріп түсті. Жасыл желекке жамбастай отырды да «Кертолғауды» қайта бастады. Әуелі кең әлемді бір кеудеге сыйғызғысы келетін керемет бір толқыныс домбыра шанағынан ықылық атып, төгіле бастады. Дереу асқақтаған астыңғы ішекке мұңы басым үстіңгі ішекті қосып жіберді. Тата-тата-та, тата-а тата-тата, там, ат-та-тата-та-тат-тта-тата-там... Тізгінді тартқан жоқ, еркіне жіберді. Үн домбырадан шыққанымен жүректің түбінде мәңгілік сағыныш жатқанын сезінуден бе, күй тұла бойды талдырғандай, аса ащы, зарлы боп естілді. Тек орта сағадан жоғары шығып, қос ішекті қатар басып, дірілдететін жерге келгенде Мафруза да ең алғаш танысқан күндегідей сол жағына келіп тізе бүкті де, «Кертолғауды» екеулеп шертті.

Бұлар орындарынан тұрып, бірі үйге, бірі қырға беттегенде де «Кертолғаудың» керім үні күллі әлемге соққан қоңыраудай ызындап тұр еді айналаға.

САПАЛЫ БІЛІМ жарқын болашақ кепілі



Руслан Дайрабайұлы СТАМҚҰЛОВ
Түркістан қаласындағы №21 жалпы орта мектеп басшысы

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ. Қазақстанның

білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы. Мұғалімдер мен оқушылардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту жолдары бірізділікпен жүйелі жолға қойылып келеді. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде. Мен де 2018 жылдан бері өзім басшылық жасап келе жатқан Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы «№21 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушының білім сапасын арттыруды жолға қоюды басты мақсат етіп келемін. Себебі, білім мен ғылымның дамуы - адамзат өркениетінің өлшемі, сапалы білім жарқын болашағымыздың кепілі екендігі айқын. Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең – бұл жаңа дәуір , жаңа көзқарасты, жаңашылықты талап ететін уақыт. Соның ішінде , білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Бүгінгі мектеп табалдырығын алғаш аттаған еліміздің ең жас азаматтарына білімге ғажайып жол ашылуда.

«Егер адамға балық берсең, ол бір күн тоқ болады, ал егер қармақ беріп, оны қолдануға үйретсең, ол өмір бойы тоқ болады» - дейді шығыс даналығы. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев бізге нақты жоспар жасап, қолжетімді нәтижеге жететін мақсатқа лайықтап жұмыс жүргізуге бетбұрыс жасайтын жағдай жасады. Яғни, қолымызға қармақ берді. Белгілі орыс педагогі В.А.Сухомлинский айтқандай: «Егер мұғалім ойлауға үйретпесе, бала білім қоймасына айналады да, қаншама білімі мол болғанымен, ол өмірде өз білімін дұрыс пайдалана алмайтындықтан жерін айдап, дәнін сеппеген диқанға ұқсап шыға келеді». Енді ары қарай тізгінді білікті басшы өзінің даму жоспарын қолжетімді нәтижеге бағыттаған болса, әр оқушы өзіне қажет өмірлік білімін алуға талпынары хақ. 2019 жылдың ақпан айында Алматы қаласында арнайы мектеп басшыларының курсынан өткеннен кейін, мектептің даму жоспарын оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, білім сапасын одан ары арттыруға, мұғалімдердің өмір бойы білім алу парадигмасын нығайтуға негіздеп жасадым. МДЖ-ның жүзеге асып орындалуы үшін біршама іс-шаралар ұсынып, оның жүйелі ұйымдастырылуын қадағаладым. Қолжетімді табысқа жету үшін ең алдымен әр баланың жүрегіне жол табу қажет деп «оқушы үнін» естуге, тыңдауға қатысты шаралар жүргізуді жолға қойдым. Жүргізілген сұхбаттар, алынған сауалнамалар мен рефлексиялар баланың шынайы үнін естуге көп септігін тигізді. Осы орайда сұхбатты формалды емес жағдайда жүргізген дұрыс. Сұхбатты диалог құру арқылы жүргізгенде оқу мен оқыту үдерісінің деңгейін анықтап ,оған өзгеріс ендіруге мүмкіндік алдым.

Сұхбат түрлері нысанданды-ру деңгейі бойынша: стандартталған және

бағытталмаған;

зерттеу кезеңдері бойынша: алғашқы сұхбат, негізгі сұхбат, бақылау сұхбат;

қатысушылардың саны бойынша: жеке сұхбат, топтық сұхбат, жалпылама сұхбат болып бөлінеді. Жалпы сұхбат қандай да болмасын мәселені талқылау арқылы зерттеу болса, сауалнама белгілі бір іс-әрекеттің себептерін анықтайтын дерек. Яғни оқытуды жақсарту жолын анықтау құралы. Сауалнама құрылымы жағынан стандартты және жеке адам жасаған болып бөлінеді. Сауалнама объектілері:ата-ана, мұғалім, оқушы, әкімшілік, көмекші персонал т.б.

Бағыттылған нәтижеге жетуде мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін анықтау, табу және деңгей бойынша іріктеу жұмыстарының тигізер әсері мол. Әр мұғалімге психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін, қарым-қатынас құзіреттілігін, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігін, сабақ барысын басқарудағы құзіреттілігін, оқу үдерісін бағалау мен талдау құзіреттілігін меңгертуді мақсат еттім. Сол себепті келесі қадамды мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында бағдарлама идеясын ауқымды деңгейде түсіндіру, үйрету үшін, мұғалімдердің іздену, шеберлігін дамытып шыңдау үшін «Нұрлы болашақ» кәсіби шеберлік қоғамдастығын құрумен жалғастырдым. Бүгінгі таңда бұл қоғамдастық өз жұмысын қарқынды жүргізуде. Бұл қоғамдастықтың беретін мүмкіндіктері қандай? Олар:

• мұғалімдер үшін білімді пайдаланумен қатар , өздеріне сол білімді құру мүмкіндігін ;

• ынтымақтастық құрылымдарының сан алуандығын;

• икемділігін және бейресмилігін;

• талқылау барысында жиі ортақ шешімге келтірмейтін мәселелерді талқылау мүмкіндігін;

• үлгілі шешімдерді шығарып қана қоймай, керісінше мұғалімнің жұмысын ынталандыратын





идеялардың туындауын;

• тәуелсіз болуы мүмкін, бірақ сонымен қатар мектептермен немесе университеттермен байланысқан ұйымдық құрылымды;

• мектептен және қала, ауданнан тыс жерде жұмыс істеу мүмкіндігін;

• іске серпін беретін және қолдау тапқан ортасында тәуекелді шешім қабылдауға ынталандыратын реформаларды;

• мұғалімдердің білімін,сонымен бірге зерттеулер мен өзгерістер кезінде алынған білімді құрметтейтін қоғамды қамтамасыз етеді.

Бүгінде қоғамдастықтың мүмкіндіктерін пайдаланып мектеп – тренерлері М.Исрайлова мен А.Мырзабекова пән бірлестіктеріндегі мұғалімдерден жеке-жеке топ құрып тренерлік жасап арнайы нұсқаулық бойынша сабақтар өтуде. Алғашқы легтегі курс тыңдаушылары өз есебін өткізіп, тиісті сертификаттарын да алды. Ал кезіндегі арнайы деңгейлік курстан білім алып сертификатталған мұғалімдерге жетекшілік жасап, жұмысты үйлестіріп отырған оқу ісінің орынбасары А. Тұрымбетованың әріптестері: А. Исабеков, А.Бесбаева, Б.Бердіқожаева, Ш. Күзенова, Г.Баржаубаева, М.Асханова, Ж.Сансызбай, Ф.Сырайлова, Р.Битанова, Ж.Рысбаева, А.Атакеева, Д.Тәукебаева, Ж.Құттыбай, Е.Зұлпыхаров, А. Бегасилова, А.Наурызбаевалармен әр сынып оқушыларының қызығушылығын оятатын тиімді тәсілдерді зерттейтін Лессон Стадилер де оң нәтижесін берді. Оқушы іс-әрекеті мұқият бақыланып, зерттеудің нәтижесінде интербелсенді әдіс-тәсілдер көрніс тапқан нәтижелі сабақтар өтіліп, оқушы қызығушылығы артқандығы байқалды.

Біз әлемнің барлық жетекші елдерінің қол жеткізген жетістіктерінің іргетасы – білім есебінен салынған экономика екенін көріп отырмыз. Білім – ілгерілеу және барлық инновацияның қозғаушы күші. Адами капитал мен елдің бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы білім саласының маңызды рөлін белгілей отырып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім беру жүйесіне ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да, біз білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу жолында алдымызға мақсат, міндеттерді қойып, оларды



бірлескен жұмыс жобасы негізінде жүзеге асыруды қолға алып келеміз. Белгіленген межеге қол жеткізу жолындағы әрбір қадам маңызды және құнды болатындығы сөзсіз. Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ елінің болашағы – бүгінгі жастар. Ұстаздар оларға қалай білім берсе, Қазақстан сол дәрежеде самғайды, өзін әлемге танытады»- деп атап көрсетті. Яғни, әрбір елдің болашағы, оның білім ордасы мектебінде шыңдалады.

Мектепте жалпы оқушы саны -1418, сонымен қатар 145 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде: жоғары санатты – 36 мұғалім, бірінші санатты – 38 мұғалім, екінші санатты – 41 мұғалім, 5 магистр дәрежесіндегі мұғалім бар.


- Педагог кадрлардың деңгейлік курсынан 33 мұғалім, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 65 мұғалім біліктілігін арттырса, 13 мұғалім-«Педагог -зерттеуші» біліктілік санатына, 6 мұғалім- «Педагог –сарапшы » біліктілік санатына, үштілділік бойынша 3 мұғалім ағылшын тілінің тілдік курсынан өткен. Мұғалімдердің озық іс-тәжірибесін таратуда 8 мұғалімнің іс-тәжірибесі қала көлемінде 5 мұғалімнің іс-тәжірибесі облыс көлемінде, 3 мұғалімнің іс-тәжірибесі ресрублика көлемінде таратылған.

- «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталған – 2 мұғалім;

- Білім және Ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталған - 4 мұғалім;

- Облыстық білім басқармасының мақтау қағазымен марапатталған – 15 мұғалім бар.

Өткен оқу жылында біз бағындырған белестер мен алған асуларымыз көңіл қуантарлық. Ұстаздарымыз бен білім алушы шәкірттеріміз қалалық, облыстық, республика және халықаралық деңгейдегі түрлі байқаулар мен олимпиадалардың жеңімпазы болды. Атап айтар болсам: «2018 жылдың Үздік Ұстазы» номинациясының иегері, қалалық, облыстық ұстаздар арасында ұйымдастырылған «Абай оқулары» байқауының жеңімпазы, облыстық инновациялық жобалар байқауының бірінші орын иегері, облыстық озық педагогтар слетінің жеңімпазы бейінді істер жөніндегі орынбасарым Сүлейменова Жақсықүл Жүрсінбайқызы, қалалық және облыстық «Үздік өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі-2018 » байқауының жеңімпазы, республикалық кезеңнің де үздік қатысушысы атанған өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Әлібаева Фарида, «Үздік дене тәрбиешісі - 2019 » байқауының қалалық, облыстық кезең жеңімпазы Ерғали Спабеков, қалалық « Өнерлі ұстаз -2018ж.» байқауының жүлдегері Насуруллаева Назым, облыстық «Үздік педагогикалық дебют – 2018 » жас мамандар байқауының жеңімпаздары : Құттыбай Жәудір, Осипова Елена, қалалық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» байқауының жүлдегері Ессалиева Элеонора, «Ең білікті педагог» олимпиадасының жүлдегерлері: Дәменов Әсемхан мен Малханова Айжан, мұғалімдердің қалалық пәндік олимпиадасының жүлдегерлері: Тұрымбетова Ақмарал, Минуарова Құралай, Бергенова Саида, мектеп мұғалімдері





арасында өткен «Тұнық жырдың тұмары- Фариза ақын» атты қалалық байқаудың I орын иегерлері : Бегасилова Айнұр мен Бегалиева Фариза, көп жылдық тәжірибелі еңбегінің нәтижесінде «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Бірлестігінің «Ы.Алтынсарин» медалін иеленген бастауыш сынып мұғалімі Өтепбекова Жәудір апайларымыздың жемісті еңбектері жеңісті нәтижеге қол жеткізді. Осындай ұлағаты ұстаздардан білім алған шәкірттеріміздің бағындырған биіктері де ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Олар: түрлі деңгейдегі пәндік олимпиада жеңімпаздары -14, оқушылардың түрлі бағыттағы ғылыми жоба байқауларының жүлдегерлері – 19, өнер саласы бойынша қала, облыс, республика мен халықаралық деңгейдегі түрлі байқаулардан топжарғандар- 43 және бірнеше «Ақбота», «Самұрық», «Пони», «Алтын ұрпақ» сынды т.б. интеллектуалды байқаулардың жеңімпаздары- 193, сонымен қатар түрлі спорттық сайыстардың жүлдегерлері – 18. Білім грантының иегерлері -21 Солардың ішінде төмендегі дарынды балаларды ерекше атап өткім келіп отыр. Олар:
1. Республикалық«Асыл мұра» көркемсөз оқу шеберлері байқауының бас жүлде иегері, қалалық «Абай оқулары» байқауының бас жүлде иегері, облыстық Фариза оқуының дипломанты -11 «Ә» -сынып оқушысы Құлжа Гүлім;

2. «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Бірлестігінің « Мәңгілік Ел, Қазақстаным» мен Республикалық «Қазақстан үміті» жас өнерпаздар байқауларының бас жүлде иегері, YIII қалалық Р.Сейтметов атнидағы көркемсөз оқу шеберлері байқауының бірінші орын иегері 10 «в» -сынып оқушысы Оразхан Нұрай.

3. «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Бірлестігінің «Мәңгілік Ел, Қазақстаным» атты көркемсөз байқауының бас жүлде иегері, республикалық «Қазақстан үміті» жас өнерпаздар байқауының бас жүлде иегері 7 «А» - сынып оқушысы Маккан Арсен

4. «Қазақстан үміті» Республикалық жас өнерпаздар байқауының Республикалық жас өнерпаздар байқауының екі дүркін жеңімпазы Уәлихан Аида

5. Республикалық «Ғұмырдария» орталығының «Жаз мереке» байқауының жеңімпазы 4 «ә» - сынып оқушысы Құлжа Кемеңгер

5. Республикалық «Қазақстан үміті» жас өнерпаздар байқауының бас жүлде иегері және Алматы қаласында өткен «Жеті өнер» III халықаралық фестиваль-конкурсының жеңімпазы 3 «А» - сынып оқушысы Әліпбай Бақдәулет пен Асқар Бақдәулет

6. 2018 жыл қорытындысы бойынша жылдың үздік «Жас айтыскер ақын» номинациясының иесі атанған 9 «А» - сынып оқушысы Мырзагелді Айбар

7.«Шебер қолдар - 2019» қалалық байқауы мен «Айбын» әскери-париоттық жиыны байқауының облыстық кезең жеңімпазы, Республикалық «Дала сазы» байқауының бас жүлде иегері 10 «Б»-сынып оқушысы Абдусамедов Ағаби сияқты оқу мен өнерді қатар алып жүрген дарынды шәкірттер. Сонымен қатар, Таэквандодан топжарған Тұрымбетова Таңжұлдызды ерекше атап өткім келіп отыр. Таңжұлдыз үстіміздегі жылдың 30-31 наурыз күндері Германияның Гамбург қаласында өткен таэквандодан « German Open G 1» халықаралық турнирінде , мамыр айында өткен тәжікстандағы Душанбе қаласындағы халықаралық турнирінде қазақстанның жасөспірімдер командасының құрамасымен барып жүлдегер атанып қайтты.



Мектепте оқу үздігі, сыныптастарының алды, Таң нұрындай жарқыраған –Таңжұлдыз қызымыз қасиетті қаламыз Түркістан мен еліміздің атын шығарып тәжікстан мен Германия елдерінде әнұранымызды қалықтатқан мектебіміздің мақтанышы.Ал 5-сынып оқушысы Әшірбек Жанне-ля мен 8-сынып оқушылары Жолдасбек Ұлпан, Ел-тай Жанеркелер жыл бойы өткен түрлі байқаулар мен олимпиада, ғылыми жоба мен сайыстардың бірнеше дүркін жеңімпаз болған жыл үздіктері.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ендеше осы қазынамыз ортаймасын. Еліміздің білім саласы әлемдегі үздік білім жүйелерінің тәжірибесі негізінде дамуын толастатпай, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» демекші, білім саласындағы басым бағыттардың бірі - педагог мәртебесі арта берсін. Еңбегіміз жемісті, мектебіміз табысты болсын.

ХАТ ЖАЗЫП КӨРДІҢІЗ БЕ?

Бүгінде эпистолярлық жанрдың қызметін желідегі «комментарий» ұрлап алды. Әдебиет тарихын парақтасақ, хат арқылы ой-толғамын қағазға түсіріп, сыр бөлісу бұрыннан бар үрдіс. Бұл жанр - қалам тербеген ақын-жазушыларымыздың әдеби пікірі, ашық ойы, көпшілікке жария етуге болмайтын ішкі сырлары т.б. толғантқан мәселелері жөніндегі жазбалары жеке авторға немесе көпшілікке жолданған. Әдебиетте жиі айтылатын «Есениннің хаттары», немесе М.Әуезовтің, Ә.Тәжібаевтың, М.Ғабдуллиннің т.б. хаттары сақталғанын білеміз. XX ғасырдың басында С.Ерубаев пен Р. Жаманқұловтың бірнеше ақынға (С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Сейфуллин) арнап, «Социалды Қазақстан» газетінің бетінде «Ақындарға ашық хат» жариялауы эпостолярлық жанрдың тамаша үлгісі болатын. Бүгін мен де өз шәкіртім Дариға Бақбергеннен хат алдым. Енді соған жауап беруді жөн көрдім.



«Көздеріңіздегі мөлдірлікке қызығам. Айнаға қараңызшы сол мөлдірлікте менің бұйра шашымның ұшы қылаң берер ме екен?..»- не деген образ. Ойыңды жеткізе отырып, ой саласың. Мөлдірлік бәлкім, өз жүрегіңде. Адам көргісі келгенді іздеп табады емес пе. Бойыңдағы қасиет пен тазалық көңілге түскен кірбіңді ойлардан арыла алмай аласұрып жатырау... Осының бәрін жүрек сүзгісінен өткізіп, айналаңды қаумалаған түнек ойлар мен андыздаған ашқарақ көздер, санаңды сансыратып, әлекке салды ма?.. Ия. өмір осылай... Бәрін өмірге жаба саламыз, оп-оңай. Өмірдеген - Өзіміз, екенін мойындағымыз келмейді. Кейде пендешілікпен алыс пай-ақөзің де солардыңыңға йынакөнесалсамбаекендейсің...

Бірақ, өмір парадокс. Айналаңнанізгілік іздеген сайын бейсаналылыққа, ал жарыққа жетсем бе екен деген сайын тұман мен қараңғылық жан-жағыңнан жұлмалап, тартқылайды. «...Ақтарылғым келеді. Өксіп қала берем. Ешкімге айта алмайтын сыр сандықты шашқым келеді. Көтеріп жүруден шаршадым. Шаршатты... « -дейтін тұстары, иррационалды монологтан логикалыққа жалғасқан, өмірден мәніздеп, үнемі өз сұрағына жауап іздейтін даналыққа бет бұрудың алғашқы қадамдары. Бұл жазушының шын азабы. Шығармашылықтың азабынан айығып,

рахатына жетуге дейін психологиялық ар-палыспен талай қағаз мыжылар. Мейлі. Ойыңдағынықағазғатүсір. Сырыңдыбасқак ейіпкергеайналаотырыпақпараққатөк. Сен ібұлқиындықтаноқырманыңғанақұтқарады. Ия. Оқырманың... Сен қазірбеті ашылмаған қалыңмұқабалыкітапсияқтысың...

«...Түркістанда бүгін «қара қарғаның миы қайнайтын ыстық» болды, мен тоңдым. Жүрегімді ала сиырмұзжалаптұрғантіліме нжалапқалғандай...»-деп, ішкі құбылысты бейнелі суреттеуің Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы Еламанның күндегі әдетімен қырдың биігіндегі үйіне қарап тұрған сәтте есік алдынаа тоқтағансалт аттыны көруі, ол аттының көптен күтіп жүрген сыйлы кісісі қайын атасы Сүйеу қарт емес, Тәңірбергендікі екенін көргенде балықшы жігіт сілейіп қалды. Осы сәтте әлдеқайдан жүгіріп келген сары қаншық бұның үстіндегі балық иісі шыққан киімді иіскеп мұп-мұздай тұмсығымен қолын жалағанда сұлық тұрған жігіт бойын жиып ала қойды... дейтін детальмен орайлас. Бірі ең жақтырмайтын адамын көргендегі балықшының күйі, екіншісі психологиялық шендестіру арқылы сыртқы қоғам мен ішкі болмыстың сипатын танытып тұрғандай.

«...Адам өскен сайын биіктеп, қанша биіктесе сонша аласара ма қалай?! «Арқаңнан қағып түріп аяғыңнан шалып тұрады»-ның кебі болып жүр. Тірлікке бір қадам жақындаған сайын пенделікке он қадам жақындайтындаймын...»-депсің. Шамасы Мұқағалидың халін бастан өткеріп жүрген боларсың... «Көтеріп тұрып, құлатады өмір. Күлдіріп тұрып, жылатады өмір. Етегің толып еңіреген кезде Қайтадан өзі жұбатады өмір. Үмітіңді үзіп, түңіле көрме, Құлап барып та гүл атады өмір. Үп еткен желге дірілдей берме Шыдамдылықты ұнатады өмір»-деп, өмірдің болмысын сипаттай отырып, соңында жауабын да өзі берді емеспе, ақын...

Тағы да «...Тіршілікке араласып шетін көрембе десем, аярлықтың жалаңдаған аяғын көретіндеймін...», дейсің. Бұл санаңдағы рухани сілкіністен болар. Қанмен сіңген тазалық, сүйекпен кетеді. Жүректің қарайып кетпеуінен сақтан!..

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми қызметкері



ПОРТРЕТ

СЕЙТМЕТОВТЫҢ ШӘКІРТІ



Қазақ драма өнері кеш туып, ерте дамыған синкретті өнер саласы. Бүгінгі қазақ театр өнерінің дамуына зор үлес қосып, шәкірт тәрбиелеп әрі шығармашылық ұжымға жетекшілік етіп жүрген Ержан Исатаев көпке белгілі актер, өнер майталманы. Өнерімен, шығармашылық қызметімен жұртының мақтанына, ұлтының ұлысына айналған көшелі азамат.

Сегіз қырлы Ержан Ибадуллаұлы 1979 жылы маусымның 1 жұлдызында киелі Түркістан жеріндегі Қарашық ауылында дүние есігін ашқан. Бүгін, міне, ел-жұртымен абыройлы қалыпты, парасаттылық биігімен қырықтың қырқасына шығып отыр. Ол қамал алатын жасқа жүгіріп емес, еңбекпен, еңбектеп емес асқақтап жетті. Ұлы Түркістанның даңқын шығарып, қара қазанды қасиетті шаһардың руханиятына елеулі үлес қосқан ардақты есім.

Жастайынан зерек болып өскен ол 1996 жылы Құмтүйін атындағы орта мектепті тамәмдайды. Өнерге деген құлшынысы жас дарынды биік белестерге жетелейді. Туған ауылдың мектеп бітіре салысымен тұтас түркі халқының алтын бесігі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік университетінің «Өнер» факультетінің «Актерлық өнер» мамандығына оқуға қабылданады. Бұнда Ержан Ибадуллаұлы ҚР Халық әртісі, атақты режиссер, профессор Р.Н.Сейтметовтен сабақ алып, ұлы педагогтың шеберханасынан шыңдалады. 2000 жылы оқуды үздік дипломмен аяқтайды.

Еңбек жолын жас актер Түркістан қаласындағы сазды-драма театрынан бастайды. Қасиетті сахнада актерге сан түрлі рөлдерді сомдау бұйырды. Бірде көрермендерді егілтіп жылатса, бірде езулеріне күлкі үйіртті. Мәселен, М. Әуезов «Еңлік-Кебек» – Кеңгірбай; Б.Вахапзаде «Көктүріктер» – Күршад; Т.Нұрмағанбетов «Көке...көкелер» – Жабағы; Қ.Мырзалиев «Әмір - Темір» – Әмір Темір; В.Шекспир «Асауға тұсау» – Винченцио; Ғ.Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» – Балта; С.Қасымбек «Жанталас» – Наурызбай; Қ.Шаңғытбаев, Қ.Байсейітова «Беу, қыздар-ай» –

Хасен т.б. бұның сыртындағы эпизодтық бейнелері қаншама десеңізші! Бір рөлінде күлдірсе, бір образымен мұңайтқан талантты өнерпаз. Әрбір рөлді сомдау үшін Райымбек ұстазының өнегесі мен тағылымын есіне түсіріп, зор жауапкершілікпен орындаған. Ұлы өнердің тұнығынан қанып ішкен талантты азамат бұл салада жұлдызы жанып, тасы өрге домалады. Қадамы нық, мақсаты айқын болды.

Актерліктің қыр-сырын меңгерген Ержан Ибадуллаұлы бұл жиған-терген білімімен шектелмей, «Өнер магистрі» атанып, шәкірт тәрбиелеу ісіне, шеберхана ашу жолында игілікті іс тындырды. Ол біліктілігі мен білгірлігі арқасында өмір жолында бірнеше жауапты қызметтерді де атқарып келе жатыр. Атап өтсек, 2004 жылы Қожа Ахмет Йасауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік университетінің «Өнер» факультетінің Актерлық өнер кафедрасына оқытушылық қызметте; 2005 жылдан бастап «Өнер» факультетінің декан орынбасары; 2007-2011 жылдар аралығында Актерлік өнер кафедрасының меңгерушісі; 2011 жылдан бастап осы аталған кафедрада доцент; Түркістан қаласының сазды – драма театры директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарып, көптің көңілінен орын алды. Бүгінгі күні іскер азамат, шығармашылық тұлға Түркістан қаласының сазды – драма театры директоры қызметін атқарып келеді.


Өнерге адал қызметі үшін Ержан Ибадуллаұлы 2006 жылы ҚР Мәдениет қайраткері атанды. Көптеген театр фестивалдерінің жүлдегері де болды. Өзі ғана емес, шәкірттері де, театр труппасы да биік өнер мұраты жолында алға озды.

ҚР Халық әртісі Райымбек Сейтметовтің шекпенінен шыққан өнер саңлағы ұлы ұстазының қолтаңбасы қалған ордалы шаһардан бір елі тысқа шықпай, Тұран даласының мәртебесін көтеру, мұқым түркі ұлысының алтын босағасындағы театрдың түтінін түзу, ажарын берекелі қылуға білек сыбана, етек түре қызметке кірісті. «Өсер елдің баласы» деген осы. Туған жұртына қызмет еткен адамның беті жарық, жүзі жылы болмақшы.

Ғылымдағы жолында 1 оқу құралы және 6 ғылыми еңбегі жарыққа шығарды. Өнерде өнегелі қызметімен дараланған актер өмірде де үлгілі азамат. Отбасында екі ұл тәрбиелеп жатқан асқартау әке, иманды жан.

Кәмшат МОЛДАБЕКОВА,
Райымбек Сейтметов атындағы
Түркістан сазды-драма театры әдебиет
бөлімінің меңгерушісі





КЕНТАУҒА КӘСІБИ ТЕАТР КЕРЕК

Қарт Қаратаудың жотасынан орын тепкен, кезінде кіші Швейцария, қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Қаратау тәжі» деп атаған кенді қала Кентау бүгінде күн санап көркейіп, құлпырып келеді. Әрине, бұған себеп, кезіндегі тоқырау заманнан кейін Елбасының жарлығымен «Моно қала» қатарына еніп, қайта гүлденуі, екінші бір кезеңі Түркістан қаласы облыс орталығы болып, Кентаудың аудан орталығына айналуы.

Әрине, осы уақытқа дейін Кентау қаласы қаншама табыстар мен жетістіктерге жетіп, кезінде кенімен рекорд жасап, әлемге танылған. Десек те Кентау қойнауы кенге ғана емес өнер майталмандарына да бай.

Бұл мекеннен қазақтың дарынды композиторы С.Байтереков, ДосМұқасан ансамблінің мүшесі Д.Сүлей, театр сыншысы Ә.Сығай, ҚР Халық әртісі, театрдың режиссері әрі көркемдік жетекшісі Р.Сейтметов, ақын Р.Балабиев, композитор Б.Сердәлі т.б. көптеген өнер тұлғалары шықты. Бұл ағаларымыздың ізін жалғап келе жатқан ортаңғы буын аға-әпкелеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай жетерлік. Әуесқой сазгер, ақын Жұпаркүл Бекшораева, әнші-сазгер Шырынбеков Ерғали, ҚР жарық жұлдыздары Еркін Маулен, Ақбота Сейтмаханбет, Қайрат Тунтеков және театр әртістері Нұржан, Ерлан Құлшынбаевтар, Нұржан Істаев, Жұлдызай Дуйсенбиева.

Көлемі де, халқының саны да ұлғайған Кентаудан бұдан кейін де, жас өнерпаздар көптеп шығатынына сенімім мол және олардың көбі үлкен додаларды бағындырып сахналарда көрініп те жүр.

Елбасымыз ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында:«Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы

патриотизмнің айрықша көріністерінің бірі» - деген еді. Мен, осынау Елбасының сөздерінен жоғарыда аталған өнер тұлғаларының туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігін көрдім. Сонау 70 –жылдары музыка әлеміне жаңа серпіліс алып келген Сейдолла ағамыз да өз туған жерінен музыка әлеміне қадам басқан еді. Театр сыншысы Ә.Сығай ағамыздың да туған жерге деген махаббатынан туындаған өлеңін Сейдолла ағамыз тамаша ән етіп қалдырды. Ол «Кентауым гүл бағым» қазіргі таңда кенді қаланың гимне айналған тамаша ән. Сол секілді Әшірбек ағамыз бен Райымбек ағамызға тоқталып кеткенімізде жөн болар...

Бірі театр сыншысы, бірі өңіріміздегі актерлік мамандықтың негізін қалаушы. Бүгінде ағаларымыздың қаншама тәрбиелеген шәкірттері, бір-бір театрдың режиссері мен көркемдік жетекшілері, театр және кино саласының үздік актерлері.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2 қыркүйек күні алғаш рет Қазақстан халқына жолдаған «Сындарлы қоғамдық диолог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында мәдениет саласына және қызметкерлеріне көңіл бөлу керектігін, қолдау қажеттігін айрықша айтып өткен болатын.

Мәдениет – халықтың рухани жан азығы. Елдің рухани дамуы мен кемелденуі үшін ең маңыздысы мәдениет саласы екендігі мәлім.

Құлақтан кіріп бойды алған тәтті әуен мен күмбірлеген күй, әуезді әуенмен үйлесім тапқан ырғақты би, рухани байлықты сыйлайтын театр, кітапхана бәрі де осы мәдениет ұғымы аясында бірігіп, елге қызмет етіп келеді.

Мен Ел Президентінің осы жолдауынан мәдениетпен қатар қызметкерлерінің де қолдау тапқанын көріп, өз кезегімде Тәуелсіз елдің азаматы ретінде, мәдениет саласының жас қызметкері ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлың жолдауын қолдайтынымды білдіргім келеді.

Бұл жолдау рухани даму жолында еңбек етуге қанат бітіргендей.

Біз мәдениет саласындағы жас буын Ұлы Қазақ Даласының ұлы мәдениетін ұлықтап сақтауға, оны кейінгі ұрпаққа насихаттауға бар күшімізді саламыз. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай бағытымыз – айқын, жолымыз ашық.

Күн санап дамып келе жатқан шаһар халқының да талғамы арта түсуде.

Жыл сайын көптеген ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетімізді, салт–дәстүрімізді насихаттау жолында мәдени, саяси, мерекелік іс-шаралар мен қойылымдар, патриоттық бағдарламалар жасауда бір ғана мәдени ошақ жеткілікті деп ойлайсыз ба?! Әрине, жоқ. Көптеген шағын клубтар болғанымен басты ұйымдастырушы мәдени нысан Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы ғана.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы ретінде қарастырған «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында өткенін мақтан тұтып және бүгінді нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы – деген еді. Осы тұрғыда өткенімізді мақтан тұта отырып, ұлы мәдениетіміз бен салт – дәстүрімізді ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жолында өзіндік үлесін қоса алатын кенді қаланың төріне кәсіби театр ашатын және арнайы ғимаратын салатын уақыт келіп жетті. (Сол аталмыш театрға театр сыншысы, мақтанышымыз Ә.Сығай ағамыздың есімін беруді ұсынамын.)

Адам іс-әрекетке көшу үшін «мақсат» қоюы керек, «мақсат» қою үшін «ой» құру керек. Алысқа арман-мақсатпен қараған «ойды» құп көріп, жолдаумен қатар қолдау табады деп күтемін.

Бақыт МЫҢБАЙ,
Ш.Қалдаяқов атындағы Кентау
қалалық мәдениет сарайының
көркемдік жетекшісі



АРАСӨЗ

Сарасөз

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

74974

